

**ОРАЗГҮЛ МҰХАТОВА**

**ШЕТ ЕЛДЕР ТАРИХЫНЫҢ  
ТАРИХНАМАСЫ ПӘНІНІҢ  
ДӘРІС, СЕМИНАР САБАҚТАРЫ  
ЖӘНЕ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН  
ӨТКІЗУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК  
ҰСЫНЫМДАРЫ**

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ**

**АЛМАТЫ - 2012**

ӘОЖ 9(И) (02)

M86

**әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің  
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған (2012 жыл № хаттама)**

Пікір жазғандар:

Г.К. Көкебаева - тарих ғылымдарының докторы, профессор  
Қ.Р. Несіпбаева - тарих ғылымдарының докторы, профессор  
С. Смағұлова - тарих ғылымдарының докторы, профессор

Мұхатова О. Шетелдер тарихының тарихнамасы пәнінің дәріс,  
семинар сабақтарын және өздік жұмыстарын өткізудің әдістемелік  
ұсынымдары. Оқу-әдістемелік құралы. - Алматы, 2012. – 67 бет.

ISBN 978-601-247-571-5

**Кітапшада Шетелдер тарихының тарихнамасы пәнінің силлабусы,  
дәрістердің сұрақтары, оқу тәсілдері, семинар сабақтарын жүргізудің  
тың әдістері, студенттердің өздік жұмыстарының тапсырмаларын  
орындаудың әдістемелік ұсынымдары берілген. Автор аралық  
бақылаудың, емтиханның сұрақтарын, реферат тақырыптарын да  
көрсеткен.**

**Оқу-әдістемелік құрал студенттерге, тарихнама пәнінен дәріс беретін  
оқытушыларға арналған.**

**МАЗМҰНЫ**

**КІРІСПЕ**

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

**ПӘННІҢ СИЛЛАБУСЫ**

**ДӘРІС САБАҚТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ**

**СЕМИНАР САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК  
ҰСНЫМДАРЫ**

**РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ**

**АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ**

**ҚОРЫТЫНДЫ**

## **КІРІСПЕ**

### **Тарихнама пәні және оқытудың заманауи технологиялары**

Білім беру деңгейі - экономикалық және ғылыми техникалық прогрестің ең негізгі көрсеткіші екені белгілі. Ол - мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім беруде артта қалушылық мемлекеттің бәсекелестік қабілеті мен ұлттың болашағына ықпалын тигізері сөзсіз. Сондықтан да білім беру және оны заманауи талаптарына сәйкес жүргізу қазіргі кезеңдегі көкейкесті мәселелердің бірінен саналады. Осыған орай Елбасы Н.Назарбаев тәуелсіз мемлекетке «қазіргі заманғы экономикалық және қоғамдық модернизацияның сұраныстарына сай келетін білім беру жүйесі қажет» екенін атап көрсеткен болатын. [1]. Қазақстан Республикасының Президентінің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойын мерекелеуде оқыған актілік дәрісінде «саналы да сапалы, білімді де белсенді жастары бар елдің қашанда еңсесі биік, болашағы зор болмақ», - [2] деп атап көрсетті. Мұның өзі терең білімді, жоғары білікті мамандар дайындау үшін сапалы білім беру міндеті кезек күттірмес мәселелердің бірінен саналатындығын айғақтайды.

Мемлекетіміздің басты стратегиялық бағыты мейлінше бәсекелестікке бейім 50 елдің қатарына қосылу екендігі баршаға мәлім. Дамыған елдердің қатарына қосылудың басты шарттарының, әрі талаптарының бірі - бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлау. Елбасы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында дамуымыздың тегершігі «парасатты экономика» негіздерін қалыптастыруды міндеттей отырып, әуелі адами капиталымызды жасақтау қажеттілігін баса айтқан еді.[2] «Бәсекеге қабілетті экономика бұл ең алдымен кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі» деген Президент тұжырымы осының дәлелі.[3]

Қазіргі кезде бұрынғысынша дәріс беріп, семинар сабақтарын жүргізудің қисынсыздығы айқын байқалуда. Дәстүрлі сипатта сабақ берудің салдары уақыт өткен сайын жоғары білікті маман даярлауға кері әсерін тигізетінін күнделікті тәжірибе көрсетіп берді. Жоғары оқу орындарында ғана емес бүкіл білім беру жүйесінде заман талаптарына сәйкес жаңалықтар енгізу көкейкесті бола түсуде, өйткені кеңестік кезеңнен қалған білім беру жүйесін түбегейлі өзгертпей ары қарай даму екі талай екендігіне көз жеткізілді.

Бүкіл әлем білім беруде соны реформаларға қол созған уақытта дүниежүзілік интеграциялардан тыс қалмау үшін білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері өзекті бола түседі. Осыған орай оқытудың кредитті жүйесі негізінде дәрістерді, семинар, өздік жұмыстарды ұйымдастырып, уақытты ұтымды

пайдаланып, студенттер үшін тартымды өткізу міндеті туындайды. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін дайындауда осы мәселеге жіті көңіл қойылады. Сол себепті де семинар сабақтарының, студенттердің өздік жұмыстарының әдістемелік ұсынымдарын дайындау оқу-әдістемелік кешендеріне қойылатын басты талаптар әрі білім беру үдерісін жетілдіру әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың стратегиялық басымдылықтарының бірі болып саналады.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2010-2011 оқу жылынан бастау алған эксперименталды білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту және кәсіби мамандарды даярлауда заманауи талаптар, инновациялық тәсілдер бірінші кезекке қойылады. Оқытуда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалану бакалавриатта сапалы білім алуға септеседі. Осыған орай «Қазақстан тарихының тарихнамасы», «Шетелдер тарихының тарихнамасы» пәндерінен оқылатын дәрістер мен өткізілетін семинар сабақтарында интерактивті инновациялық ахуалдық, презентациялық, пресс-конференция, жеке топтық, т.б. әдістер пайдаланылады. Осылардың ішінде ахуалдық, проблемалық, жобалау, «прес-конференция», «ақыл-оймен шабуылдау», т.б. әдістер Қазақстан тарихнамасы, Шетелдер тарихының тарихнамасы пәндерінің ерекшеліктеріне сәйкес келеді, өйткені тарихнама ғылымының өзіндік ерекшеліктері тарихнамалық деректерді талдау және оларға баға беруде белгілі бір проблеманы шешудің ахуалы пайда болады. Оны оқытушы студенттердің көмегімен орын алған проблемалық ахуалды тиімді шешуі тиіс. Сондай-ақ ахуалдық әдіс тарихнамалық фактілерді салыстыруда, олардың ұтымды тұстары мен кемшіліктерін көрсетуде де тиімді әдіс болып саналады.

Шетелдер тарихының тарихнамасын оқыту тарихи мәселелердің зерттелуін салыстырмалы зерттеуде, тарихнамалық фактілер легінде басымдылықтарды анықтауда, теориялық тұжырымдамалар және методологиялық ұстанымдарды қолдануда шығармашылық-талдау қабілеттерін іске асыруы үшін аса маңызды. Шетелдер тарихының тарихнамасы мәселелерін талдау оқытудың қазіргі кездегі тарих ғылымының дамуы үрдістерін, оның қоғамдағы ғылыми және саяси маңызын айқындауда елеулі рөл атқарады. Шетелдік тарихнаманы оқыған кезде студент ежелгі дүние мен орта ғасырдан бастап Еуропаның тарихи ғылымның генезисін және ары қарайғы дамуын көру, түрлі тарихи дамуда үлкен рөл атқарған мектептермен және бағыттармен танысу мүмкіндігін иеленеді. Себебі тек тарихнама пәнінде ғылыми-тарихи білімдердің пайда болу және жинақталуы, тарихи ойдың дамуы, тарихи ғылымның қалыптасуы және дамуы, әр кезеңдегі тарихи таным мен ойлаудың заңдылықтары ашылады. Осыған орай пән өзінің алдына нақты тарихи жағдайларда тарихи ойдың негізгі бағыттары мен ұстанымдарын анықтайтын тарихи танымның әлеуметтік негіздерін көрсету. Тарихнамалық мәдениетті қалыптастыруда студенттерді тарихнамалық зерттеуде тарихилық принципін саналы түрде қолдануға бағыт беру. Тарихи ғылымның тұтас мектептері мен бағыттарындағы көзқарастар мен методологиялық құрылымдарға сол елдің ұлттық, әлеуметтік, саяси даму

ерекшелігі өзіндік ізін қалдырғанын көрсету мақсатын қояды. Пәнді оқыту барысында әр бағыттағы тарихи ойға тән тарихи танымның теориялық және методологиялық принциптерін үйрену; тарихи зерттеу әдістерін, түрлі мектептер мен бағыттардағы тарихи ойда деректерді қолдану және талдау қандай деңгейде болғанын, тарихи зерттеудегі методология мен әдістің байланысын көрсету; тарихи зерттеулердің ұйымдық түрлерінің даму тарихын үйрену: тарих қоғамдары, университеттер, академиялар, тарихи баспасөз, құжаттар жинағы, т.б. батыс тарихнамасының даму кезеңдерін анықтау; жаңа және қазіргі заман тарихнамасының әлеуметтік таптық негіздерін айқындау міндеттері қойылады. Студенттер дүние жүзі және отан тарихы бойынша мәселелердің кезеңдемесін, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың негізгі ілімдерін, деректерін, тарихнамасын, ежелгі дәуірден бастап, орта ғасырлардағы тарихи білімнің қалыптасуын, тарих жазудың жолдары мен түрлерін, Қайта өрлеу және Реформация кезеңіндегі тарихи білім мазмұнының өзгеруін, гуманистік және ағартушылық дүниетанымының пайда болуын, сонымен қатар тарихи мәселелерді ағартушылық тұрғыда талдаудың тамаша үлгісі Францияда болғанын; ХІХ ғ. бірінші жартысында қоғамдық ойда романтизмнің белгілерін; тарихи ойды дамытудың орталықтарын; халықтардың тарихи эволюциясының өзара байланысын, жалпы адамзат үрдісіндегі олардың рөлін; шетелдердің тарихы бойынша отандық және шетел зерттеулерінің нәтижелерін білуі тиіс.

Көрсетілген мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін тарих ғылымының заманауи методологиялық тұжырымдамаларын білу және оларды қолданудың жолдарын меңгеруі; ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі тарихи құбылыстарды адамзаттың даму заңдылықтары ауқымында зерттеудің негізгі тұжырымдамалық негіздерін талдай білуі; ғылыми-зерттеу жұмысында әртүрлі әдістерді, әдіснаманы және технологияларды пайдалана білуі; өзіндік ғылыми зерттеулер жүргізуге, өзінің ғылыми көзқарастарын негіздеу үшін жаңа дәйектерді іздеп табуға қабілетті болуы тәрізді бакалаврдың құзырлықтары анықталады. Сондай-ақ қоғамдық үдерістерді талдаудың заманауи әдістерін және солардың негізінде дүние жүзі тарихы мәселелерінің зерттелу деңгейін айқындай отырып, жинақталған тарихи білімін, тарихи болмысының көрінісін қалыптастыруда қолдануы; кәсіби деңгейде қойылған мәселені конструктивті шешуде сыни талдау, ретроспективті, салыстырмалы талдау, мезімдемелік, проблемалық және басқа да тарихнама ғылымының ғылыми зерттеу әдістері арқылы жеке құбылыстар мен оқиғалардың, үдерістердің зерттелуін айқындау, тарихнамалық деректер мен фактілердің құндылығын анықтап, баға беру, пәнаралық байланыс жүйесінде тарихнамалық білімді қолдана білу білігі болуы тиіс. Студенттердің сапалы, әрі жүйелі білім алуы және заманауи құзырлық пен біліктілікке қол жеткізуін қамтамасыз ету аса күрделі, түйіткілді мәселе болғандықтан оларды шешуде оқытудың дәстүрлі әдістемесінен гөрі тың әдіс-тәсілдерді пайдалану өзекті болып табылады.

Енді Шетелдер тарихының тарихнамасы пәні бойынша бірқатар тақырыптарды, мәселен Ежелгі Шығыс және Ром тарихнамасы мәселесін

оқыту және талдауда қолданылатын тәсілдерге көшейік. Ежелгі Шығыстың тарихнамалық дәстүрі және антикалық тарихнаманың мәселелері антикалық ойшылдар мен тарихшылардың тарих жазу дәстүрін көрсетуде Ежелгі Шығыс пен антика тарихнамасының қалыптасуын, даму үдерістерін, ерекшеліктерін, кезеңдемесін анықтайтын конспект дайындау қажет. Берілген тапсырма бойынша конспект дайындау үшін дәптерде екі бағана сызып, оның біреуін Ежелгі Шығыс тарихнамасы, екіншісін антикалық тарихнама деп атау керек. Содан соң сол бағаналарды толтыру қажет. Көрсетілген оқу құралдарын пайдалана отырып, ежелгі дәуірдегі тарихи ойдың қалыптасуының үдерістерін, кезеңдерін, деректерін, ерекшеліктерін қарастыратын тұстарына назар аударған абзал. Тақырып бойынша сұрақтарды оқып-үйренуді Шығыс тарихнамасы өкілдерінің еңбектерінен бастау керек. Олар ежелгі тарихнаманың мәнін, тарихты зерттеудің алғашқы кадамдарын тануға мүмкіндік береді. Ром тарихнамасының ерекшеліктерін анықтауда деректердің мазмұнына, сипатына назар аудару қажет. Жауапты Шығыс және Ром тарихнамаларын өзара салыстыру арқылы берген жөн. Осы орайда семинар сабағын ахуалды шешу тәсілі оңтайлы болып табылады. Ежелгі Шығыс және Ром тарихнамасының өзіндік ерекшеліктерін, тарихнамалық деректерді талдауда және оларға баға беруде, тарихнамалық фактілерді салыстыруда, олардың ұтымды тұстары мен кемшіліктерін көрсетуде ахуалдық әдіс өте тиімді.

Ерте ортағасырлық тарихнама бойынша семинар сабақтарының сұрақтарына жауап қайтаруда ерте орта ғасырлық тарихнаманың өзіне тән белгілерін, негізгі даму сатыларын анықтауға назар аудару қажет. Олай етпеген жағдайда осы кезеңнің тарихнамалық деректерінің мазмұнына баға беру, тарихнамалық фактілер бойынша тұжырымдамаларды көрсету қиынға түседі. Бұдан өзге осы кезеңге жататын тарихнамалық шығармалардың түрлерін ажырату аса маңызды болып табылады. Мәселені талдауда «пресс-конференция» әдісін пайдаланған ұтымды. Студенттер сұхбат берушілерге сауалдар қою ерте ортағасырлық тарихнаманың ерекшеліктерін айқындап, артықшылықтары мен кемшіліктерін ашуға мүмкіндік береді. Ерте ортағасырлық тарихнамаға байланысты тарихнамалық деректердің мәні мен мазмұнын және маңызын айқындауды салыстырмалы талдау негізінде жүргізген абзал, өйткені бұл әдіс олардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетуге жол ашады. Семинар сабақтарының соңында қорытынды жасауды студенттердің өздеріне тапсырса, ой-тұжырымдар түйіндеуге машықтанады.

Кейінгі ортағасырлардағы гуманизм және Реформация тақырыбының мазмұнын қарастыруда көрсетілген кезеңдердегі тарихи білімнің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға назар аударған жөн. Осы орайда проблемалық тәсілді қолдану ең бастысы гуманизм мен реформациялық тарихнаманы өзара салыстыра талдау мәселені терең қарастыруға жағдай жасайды, әрі XV-XVI ғасырлардағы тарихнаманың мәні мен ерекшеліктері ашылады. Проблемалық тәсілді тарихнамадағы салыстырмалы талдау әдісімен ұштастыру проблеманының барлық қырларын ашуға септеседі. Студенттерді шағын үш топқа бөліп, біреуіне гуманистік, екіншілеріне Реформация

кезеңінің негізгі сипатына баға беруді, ал үшінші топқа айтылғандарға сарапшы болуды тапсыру керек. Мұндай әдіс бір жағынан студенттерді топпен жұмыс істеуге үйретсе, екіншіден жоғары балл алуға ынталандырады, әрі бір-бірінің жауаптарын шынайы бағалай білуге дағдыландырады.

Англиядағы және Франциядағы тарихи ойдың дамуы бойынша тапсырмалардың сауалдарын талдауда «ақыл-ой арқылы атқылау» тәсілі тиімді болып саналады. Аталмыш тәсілді пайдалана отырып, Франция мен Англиядағы тарихи білімнің дамуын көрсетуге басты назар аударған жөн, өйткені ол француз және ағылшын ағартушыларының идеяларын анықтауға мүмкіндік береді. Сауалдарға жауап дайындау үшін ең алдымен француз және ағылшын ағартушы ойшылдарының шығармаларымен, олардың мазмұнымен танысып алу қажет, себебі сол еңбектерде тарихи ойшылдардың тарихи ойға қосқан үлестері орын алған. Жазбаларды дайындауда мына төмендегі жайттарды назарда ұстаған абзал: аталған елдердегі тарихи ойдың қалыптасуы; ағартушылар мектертерінің өкілдері және олардың идеялары; олардың тарихи ойды дамытуға қосқан үлестері; ойшылдар көзқарастарының дүниежүзілік тарихнамадағы маңызы. Алдын ала дайындалған жауаптардың базасын пайдалана отырып, ХУІ-ХУІІ ғасырлардағы ағылшын және француз ойшылдары мен тарихшыларының тарих жазудағы ортақ ұстанымдарын және айырмашылықтарын бөліп көрсеткен дұрыс. Сонымен қатар бұл тарихшылардың алдыңғы кезеңдегі тарих жазумен салыстырғандағы прогрессивті тұстарын анықтау тақырыпты терең меңгеруге көмектеседі.

ХУІІІ ғ. неміс ағартушыларының тарихты зерделеуге қосқан үлестері тарихнамалық деректердің негізінде ХУІІІ ғ. Германиядағы тарихи білімнің дамуына ағартушылардың қосқан үлесін анықтау тапсырмасын «дөңгелек стөл» түрінде өткізген жөн. Себебі дөңгелек стөлге қатысушылардың барлығының дерлік пікір айтуға мүмкіндіктері болады. Дөңгелек стөлге қатысушыларды шартты түрде отандық тарихшылар, шетелдік зерттеушілер, түрлі мерзімді баспалар өкілдері деп айдарлап қойса, студенттердің қызығушылығы артады. Оларды кезегімен сөйлетіп, проблемалық мәселелерлі көтеріп отыруда дөңгелек стөлдің модератордың рөлінің зор екендігін ескрген абзал. Сол үшін студенттердің арасынан білімді, ұйымдастырушылық қабілеті зорын алдын ала белгілеп, үйге тапсырма берген кезде оның рөлінің күрделі болатынын ескерту қажет. Тақырып бойынша сұрақтарға дайындалғанда кез келген зерттеушінің тарих ғылымына қосқан үлесі бәрінен бұрын оның жазған және жариялаған еңбектерінен көрінетіндігін есте ұстаған абзал. Сондықтан да ХУІІІ ғасырдағы неміс ағартушыларының еңбектеріне және олардың мазмұнына назар аудару қажет. Шығармалардың мазмұнынан ағартушылардың идеялары мен тұжырымдамаларын көруге болады. Мұның өзі тарихты қайта қараудағы үлес болып табылады. Дәптерге неміс ағартушыларының ағартушылық идеяларын бөлек жазып алып, одан соң барлық ағартушыларға тән идеяларды, тұжырымдарды синтездеу тақырыпты терең меңгеруге септеседі. Тарихнамалық талдауда мұндай әдіс аса маңызды әрі қажетті болып табылады. Осыларды ескеріп, жұмыс алдын ала жүргізілсе, дөңгелек



стөл өз мақсатына жетеді, өйткені студенттер ашылатын проблемалар ауқымындағы жазбаларға сүйенеді.

XIX ғасырдағы Батыс еуропалық тарихнама, оның дамуындағы үрдістер мен ерекшеліктерді көрсету тақырыбы шеңберінде батысеуропалық тарихнаманың дамуындағы жалпы үрдістерді ашып көрсету үшін ағылшын, неміс, француз, итальян тарихи ойының өкілдерін және олардың идеяларын білу қажет. Сол идеяларды өзара салыстырып, олар жағы жалпы мен жалқыны анықтап алу қажет. Конспект құрастыра отырып тақырып бойынша жалпыны, яғни тарихи ойдың дамуындағы басты әрі негізгі үрдістерді жазып қойған дұрыс. Ал ерекшеліктері жалқыдан, яғни қайталанбайтын идеялардан туындайды, сондықтан да оларды да дәптерге бөлек жазып қойған жөн. Осындай екі түрлі жазбаның қорытындысында батысеуропалық тарихнаманың дамуындағы жалпы үрдістер мен ерекшеліктерді көрсететін салыстырмалы кесте құрастыруға болады. Кесте құрастыру қиындық тудырмайды, өйткені дайындалған конспектілер кестенің негізін құрайды.

Шетелдер тарихының тарихнамасы пәнінің дәрістерін, семинар сабақтары және өзіндік жұмыстарын модульдік жүйе бойынша жүргізу ежелгі дәуірден XXI ғасырдың басына дейінгі тарихи ой мен білімнің, ғылымның дамуы жолдарын өзара сабақтастықта тұтастай қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі модульдік оқыту пәннің оқу-әдістемелік кешенін толықтай жүзеге асыруға септеседі. Бұл пәнді оқытуда 5 модуль қалыптастыруға болады. Модульдер пәннің мемлекеттік стандарттағы немесе эксперименталды білім беру бағдарламасындағы, типтік оқу бағдарламасындағы мазмұнын толық қамти отырып құрастырылады. Модульдік оқытуды іске асыру үшін пән әдістемелік жағынан қамтамсыз етілген болуы тиіс, яғни оқулықтары, оқу, оқу-әдістемелік құралдары, электронды оқу құралы, мультимедиялық материалдар, хрестоматия, практикум, сөздік, жұмыс дәптері, т.с.с. құралдар көп болған сайын оқытудың заманауи тәсілдерін кеңінен пайдалануға жол ашылады. Әсіресе оқытудың кредитті технология жүйесіне көшуде және заманауи талаптарына сай білім беруде осындай әдістемелік құралдар аса қажет. Дәрістерді оқуда, семинар сабақтарын және студенттердің өздік жұмыстарын жүргізуде әдістемелік ұсынымдардың маңызы арта түсері сөзсіз. Сонымен қатар оқытушылардың дәрістері мен семинар сабақтарының, өздік жұмыстарының сапасын арттыру барысында мастер класстар, тәжірибелі оқытушылардың сабақтарына қатысу айлықтарын ұйымдастырып, өткізу көкейкесті міндеттердің біріне айналады.

Осылайша, заман талаптарына қарай оқытудың тың тәсілдері мен әдістерін пайдалану кемел ұрпаққа сапалы білімберудің, бәсекелестікке қабілетті, білімді де білікті мамандар даярлаудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.

---

1. Құсайынов А. Сапалы білім – заман талабы // Егемен Қазақстан. 2007 жыл. 7 ақпан.

2. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойын мерекелеуде оқыған «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» тақырыбындағы актілік дәрісі. -А: Қазақ университеті, 2009. - 27б.

3. Назарбаев Н. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. - Алматы, 2007. - 13 б.

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

## **ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ**

### **Деректану және тарихнама кафедрасы**

БЕКІТІЛДІ

Тарих, археология және этнология  
факультетінің Ғылыми  
кеңесінің

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2011 ж. № хаттамасы

Декан

\_\_\_\_\_ Ж.Қ. Таймағамбетов

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2011 ж.

### **Шетелдер тарихының тарихнамасы пәнінің ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

Мамандығы 5В020300 -Тарих\_\_

Оқу түрі күндізгі

Кредит саны - 2

Курс 4

Семестр 7

Дәріс - 1

Практикалық сабақ - 1

Барлық ауд. - 2

СӨЖ - 1\_

АБ саны - 2

Алматы, 2011

Пәннің оқу әдістемелік кешенін құрастырған т.ғ.д., профессор О.Х. Мұхатова

5В020300 – Тарих мамандығының эксперименталды білім беру бағдарламасы және оқу жұмыс жоспары бойынша құрастырылды

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды

Хаттама № 2011 ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Қ.М. Атабаев

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданған.

Хаттама № “ \_\_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_ 2011 ж.

Төрайымы \_\_\_\_\_ О.Х. Мұхатова

## СИЛЛАБУС

«5B020300 - Тарих» мамандығы 4-курс бакалавриат

1. **Пән атауы:** Шетелдер тарихының тарихнамасы.
2. **Оқыту түрі** – күндізгі, 7 семестр, 4 - курс, қазақ бөлімі «Тарих» мамандығы бойынша
3. **Кредит саны** – дәріс - 1 кредит, семинар – 1 кредит, СӨЖ – 1 кредит , аралық бақылау – 2.
4. **Оқытушы:** Мұхатова Оразгүл Хасенқызы. Айналысатын ғылыми проблемалары: Қазақстан тарихының тарихнамасы, деректану мәселелері.
5. **Байланыс телефоны:** деректану және тарихнама кафедрасы. Тел.: 247-14-40. (12-89);
6. **Пәннің сипаттамасы.**

Тарихнама немесе тарихи ғылымдардың тарихы тарихи ойлардың даму үрдістерін және тарихи білімдердің жинақталуын зерттейді. Шетелдердің жаңа заман тарихнамасы мәселелерін жасап, оны оқытудың қазіргі кездегі ғылыми және саяси маңызы үлкен. Шетелдер тарихының тарихнамасы тарихшы-студенттерді оқыту барысында негізгі элемент болып табылады. Тарихты зерттеу әдістерінің дамуымен, тарихшылардың алдында жалпы тарихи үрдісте өз халқының орнын анықтау проблемасы тұрды. Осыған байланысты, көрші халықтардың ортағасырлық тарихы түпкілікті зерттеле бастады. Ақыр аяғында дүние жүзі халықтарының тарихи даму процесінің заңдылықтарын іздеу әдісі қалыптасты. Шетелдік тарихнаманы оқыған кезде студент ежелгі дүние мен орта ғасырлардан бастап Еуропаның тарих ғылымының генезисін және ары қарайғы дамуын, үрдістерін көре алады. Түрлі тарихи дамуда үлкен рөл атқарған мектептердің және олардың бағыттармен таныса алады.

Тарихнама пәнінде ғылыми-тарихи білімдердің пайда болу және жинақталуы, тарихи ойдың дамуы, тарихи ғылымның қалыптасуы және дамуы, әр кезеңдегі тарихи таным мен ойлаудың заңдылықтарын ашады.

**Пәнді оқыту мақсаты:** Нақты тарихи жағдайларда тарихи ойдың негізгі бағыттары мен ұстанымдарын анықтайтын тарихи танымның әлеуметтік негіздерін көрсету. Тарихнамалық мәдениетті қалыптастыруда студенттерді тарихнамалық зерттеуде историзм принципін саналы түрде қолдануға бағыт беру. Шетелдер тарихы тарихнамасының маңызыды міндеті тарихи ғылымның даму заңдылықтарын анықтау және тарихи ойдың түрлі бағыттарының теориялық-методологиялық принциптерін үйрену. Нақты тарихи жағдайлардағы тарихи ойдың негізгі бағыттары мен үрдістерінің дамуын айқындап, тарихи танымның әлеуметтік негіздерін және тарихи ғылымның тұтас мектептері мен бағыттарындағы көзқарастар мен

методологиялық құрылымдарға сол елдің ұлттық, әлеуметтік, саяси даму ерекшелігі өзіндік ізін қалдырғанын көрсету.

**Пәнді оқытудың міндеттері:**

- әр бағыттағы тарихи ойға тән тарихи танымның теориялық және методологиялық принциптерін үйрену;
- тарихи зерттеу әдістерін, түрлі мектептер мен бағыттардағы тарихи ойда деректерді қолдану және талдау қандай деңгейде болғанын, тарихи зерттеудегі методология мен әдістің байланысын көрсету;
- тарихи зерттеулердің ұйымдық түрлерінің даму тарихын үйрену: тарих қоғамдары, университеттер, академиялар, тарихи баспасөз, құжаттар жинағы, т.б.
- батыс тарихнамасының даму кезеңдерін анықтау;
- жаңа және қазіргі заман тарихнамасының әлеуметтік таптық негіздерін айқындау.

**Студенттің білігі:**

- әртүрлі дүниетанымның қалыптасуын, тарихи мәселелерді түрлі көзқарас тұрғысында талдаудың үлгілерін;
- тарихи білім көптеген материалдардың жинақталуын, ғылыми зерттеудің әдістерін игеріп, тарихи ойды дамытудың орталықтарының құрылу тарихын білуі тиіс;
- Халықтардың тарихи эволюциясының өзара байланысы, жалпы адамзат үрдісіндегі олардың ролін;
- Шетелдердің тарихы бойынша отандық және шетел зерттеулерінің нәтижелерін меңгеруі тиіс.
- Жалпы тарихтың тұжырымдамаларын түсіндіре білу;  
жаңа және қазіргі заман тарихының ғылыми методологиясын көрсете білу;
- шетелдердің жаңа және қазіргі заман тарихының нақты мәселелеріне өзбетімен талдау жасай білу керек;
- түрлі орта мен мектептердің тарихи тұжырымдарына салыстырмалы талдау жасау біліктілігін меңгеруі керек;
- тарихи даму бағытының дүниетанымы мен методологиялық құрлымына әр елдің ұлттық, әлеуметтік және саяси даму ерекшеліктері әсер ететінін дәлелдеу;
- Құбылысты зерттеудегі философиялық әдістерді және жалпы ғылыми түсініктерді меңгеру.

Пәнаралық байланыс жүйесінде тарихи білімді қолдана білу *білігі болуы тиіс.*

**Дағдылары:**

- жалпы тарих ғылымы даму нәтижесінде жинақталған тарихи мұраларға сын көзбен қарау;
- қандай міселелер түрлі бағыттағы тарихшылардың назарына аударғанын түсіндіре білу;
- Европа мен Американың жаңа және қазіргі замандағы тарихи білімі қандай дәрежеде дамығанын көрсете білу;

- дүние жүзі тарихы бойынша мәселелердің тарихнамасын; гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың негізгі ілімдерін: қоғамды танудың заманауи ғылыми әдістерін, оларды кәсіби қызмет функцияларын атқару кезінде пайда болатын міндеттерді шешу үшін қажет болған жағдайда қолдана білу;
- қоғамдық үдерістерді талдаудың заманауи әдістерін және солардың негізінде кәсіби функцияларды атқаруда шешім қабылдаудай білу;
- ҚР және әлемдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени процестердің құбылысын ескере отырып, жинақталған тарихи білімін, тарихи болмысының көрінісін қалыптастыруда қолдана білу;
- ретроспективті, салыстырмалы-тарихи талдау және басқа ғылыми зерттеу әдістері арқылы жеке құбылыстар мен оқиғалардың арақатынасын ортақ парадигма тұрғысынан адамзат қоғамының әлемдік-тарихи дамуын бағалау;
- тарихи білімнің теориялық ұстанымдарын және жалпы құрылымын, олардың өзге де пәндермен өзара байланыстарын түсіну;
- өзіндік зерттеу қызметін қазіргі заманғы теориялық және методологиялық бағыттарды қолдана отырып жүргізу;
- кәсіби қызмет саласында пайдалану үшін тарихи ақпаратты жинақтау, сақтау және өңдеу;
- түрлі құбылыстарды жобалау және моделдеу, болжам жасау, жүйелілік бағыты негізінде оларға сандық және сапалық талдау жүргізу;
- шетел тіліндегі ғылыми әдебиетті пайдалану;
- кәсіби және әлеуметтік түрлі қызметте тарих ғылымының әдістерін қолдана білу; тарихи түсінік жүйесін өзара байланысын қалыптастыруда дағдысы болуы қажет.

**пререквизиттері:** ежелгі дүние және орта ғасырлар тарихы, саясаттану, мәдениеттану, философия, Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы

**постреквизиттер:** тарихнама және деректанудың теориялық-методологиялық негіздері, тарихи және тарихнамалық деректер, тарихнамалық зерттеу модельдері.

## ГЛОССАРИЙ

**тарихнама** – ежелгі грек тілінен аударғанда «история» - тарих және «графия» - тарихты сипаттап жазу дегенді білдіреді. Тарихнама белгілі бір тақырыпқа немесе тарихи дәуірге арналған зерттеулердің жиынтығы.

**тарихнама ғылымы** – тарих ғылымының тарихын зерттейтін ғылым саласы.

**тарихнамалық заңдылық** жекелеген тарихшылардың іргелі еңбектеріндегі ой – пікірлерді зерттеу жолымен ғана емес, ғылыми ойдың тарихнаманың дамуының түрлі кезеңдеріндегі қозғалыс процесін көрсететін тарихи шығармашылықты талдау нәтижесінде орнатылады.

**тарихи білім** - қоғамның даму барысында жинақталатын тарихи көзқарастар мен пікірлердің жиынтығы.

**тарихнамалық дерек** – тарихнам пәні бойынша анықталатын және тарих ғылымындағы үрдістер туралы, оның жай – күйінен ақпарат беретін тарихи деректер.

**тарихнамалық факті** – тарих ғылымында тарихнамалық заңдылықтарды ашу үшін қолданылатын тарихи білімдер туралы ақпарат беретін мәлімет.

**тарихнамалық мектеп** – тарихнамалық зерттеулермен айналысатын ғалымның және оның шәкірттерінің ғылыми ортасы.

**тарихнамалық дәстүр** – тарихнамалық мектептер мен орталардың ұрпақтар сабақтастығы тұрғысынан жалғасын тауып, қалыптасқан ұстанымдары.

**тарихи таным** – тарихи оқиғалар мен процестерді ғылыми әдіс тәсілдер арқылы оқып- үйрену, олар туралы білім жинақтау.

**прогресс теориясы** – барлық адамзат өз тарихының түрлі кезеңдерінде, дамуы мен дағдарыста жағдайында, соғыс және бейбітшілікте біртіндеп нығаяды, себебі оның қазіргісі және болашағы бір бағытта даму идеясымен байланысты болады.

**поэтикалық тарих** адамның сезімі мен құмарына қарсы болды. Деректердің шын екені маңызды болған жоқ. Мұндай тарих типтік белгілерді анықтауды мақсат етті.

**Рационалды тарих** дәуір мен ұрпақтың әлеуметтік, саяси тәжірибесін анықтауды мақсат етті, өйткені жеке адамның тәжірибесі өткен тәжірибеге сүйене отырып қалыптасады.

**анархизм** – әлеуметтік - саяси ілім. Ол мемлекеттік билік пен саяси күрестің жағымды ролін жоққа шығарады, жеке адамды саяси, экономикалық және рухани биліктің барлық түрлерінен босатуды уағыздайды. Ол ХІХ ғасырдың 40 – жылдарында Еуропада пайда болып, негізін М.Шпитнер, П.Прудон, М.А.Бакунин қалады.

**идеология** – халықтар, таптар, әлеуметтік топтар, қоғамдағы көзқарастар, идеялар жүйесі. Нақты адамдар тобының сұранысын, мүддесін, стереотиптерін жүйелей отырып, идеология олардың өкілдерін әлеуметтік - саяси жағынан топтастыруды жүзеге асырады.

**католицизм** – христиан дініндегі үш негізгі бағыттың бірі. ХІ ғасырда Христиан шіркеуінің бөлінуі нәтижесінде толық жасалған.

**консерватизм** – әлеуметтік дамудың прогресивті ұстанымдарына қарсы тұратын идеялық – саяси ағым. Консерватизм терминін алғаш рет француз жазушысы Ф.Шатобриан қолданып, ХУІІІ ғасырдың аяғындағы Француз буржуазиялық революциясына феодалдық – аристократиялық реакция идеологиясын анықтады. Консерватизм идеологиясын қоғамда қалыптасқан тәртіптерді сақтауға мүдделі түрлі қоғамдық топтар мен таптар таратты. Ол дәстүрлі тәртіпке жақын, жаңа әлеуметтік - саяси өзгерістерге қарсы ағым.

**тұжырымдама** – көзқарастар жүйесі, қандай да бір құбылыстарды, процестерді түсіну тәсілі, қандай да бір теорияның негізгі идеясы.

**либерализм** – латын тілінен аударғанда бостандыққа қатысты, еркін деген мағынаны білдіреді. Батыс Еуропада либерализмнің идеялық - саяси дәстүрі

1215 жылы ағылшынның Ұлы еркіндік хартиясынан басталды, өйткені бұл құжатта либерализм ережелері бар, яғни жеке меншікті бұзбау, жеке адамға қол сұқпау туралы айтылған. Кейіннен либералдық принциптер ХУІІ ғасырдағы ағылшын революциясы және 1688 жылғы Даңқты революцияның ықпалымен қалыптасты. Ағарту дәуірінің идеологиясы ретінде либерализм алғаш рет ХУІІ - ХУІІІ ғасырларда Англия мен АҚШ - та пайда болды. Қалыптасқан ұғым ретінде ХІХ ғасырдың 30-40 жылдары Еуропада қолданылды.

**либералды демократиялық теория** – классикалық либерализм идеялары, принциптері, саяси идеологиялық бағыттары мен ұстанымдарын негізге алған демократия үлгісі. Идеялық саяси ағым ретінде классикалық либерализм негізін қалаған И.Бентам, Дж. Милль, А.Констан, А. Де Токвиль, В.Гумбольд индивидті қоғам мен мемлекеттен бөліп алды, автономды екі саланы – мемлекет пен азаматтық қоғамды бөліп көрсетті, конституциялық және институционалды саланы, қоғам мен жеке адам арасындағы мемлекет өкілеттігін шектеді, көпшілікке қатысты азшылықтың автономиясы мен құқығын қорғады, барлық азаматтардың саяси теңдігін жариялады.

**масондық** - ХУІІ ғасырдың басында Ұлыбританияда пайда болған діни – этикалық ілім. Көптеген елдердің дворяндық және буржуазиялық ортасына тараған. Орта ғасырдағы құрылысшылар, рыцарьлық және мистикалық ордендерден ұйымдар атауын, масондық рәсімдер алған. Масондар адамзаттың бейбіт бауырластығына қол жеткізу мақсатымен дүние жүзілікқұпия ұйымдар құруға тырысты. ХУІІІ ХІХ ғасырдың басында саяси және қоғамдық өмірде едәуір рөл атқарды.

**теологиялық принцип** - тарихи процесті анықтаған, нақты міндетті шешу жолындағы қозғалысты бейнелейтін, алдын ала анықталған мақсатты талдау.

**физиократтар** - ХУІІ ғасырдың ортасында Франциядағы классикалық буржуазия саяси экономияның өкілдері. Физиократ мектебінің басты өкілі – Ф.Кенэ. Олардың ілімі феодалдық жүйе дағдарысқа ұшырап, Франция экономикалық жағынан құлдырап жатқанда қалыптасты. Меркантилизмді сынап отырып, физиократтар өкімет ынтасы сауда мен ақша қорын жасауға бағытталмауы керек деп есептеді, жерді көбейтсе, сол ұлттың игілігі болады деп санады. Физиократтардың экономикалық ілімінде қосымша құн негізгі мәселе болды. Байлықтың негізгі көзі табиғат, сондықтан қосымша құн табиғаттың физикалық сыйлығы. Физиократтар жеке меншікті еркін бәсекені және сыртқы сауда еркіндігін жақтады.

**мемлекеттік бағыттағы тарихнама** – бұл тарихнаманың негізін салушы белгілі орыс тарихшыс В.Н.Татищев болды. Ол өзінің шығармаларында ынтымақтастық пен орталықтағы билік тарихына көп көңіл бөлген. Оның тұжырымдамасының негізіне қоғамдық шарттың табиғи құқықтың бір бөлігін мемлекет пен белгілі сословиеге өз еркімен беру – Батыстағы идеясы алынған. Бұл идея мен әр елдегі өмір салтына климаттың әсер етуі туралы теориядан Татищев Ресей үшін монархиялық биліктің жағымды екенін және сол қоғамдағы тәртіптің, оның ішінде басыбайлық құқықтың өзгермейтінін көрсетті.



**тарихнамадағы рационалдық ой** – Америка Құрама Штаттарындағы бұл ой дүниені жаңаша түсінуге негізделді. Саяси және әлеуметтік доктринаға бетбұрыс жасаған американдық қоғамдық ой бірінші рет теологияны ысырып тастады. Рационалдық ой табиғи құқық пен қоғамдық шарт теориясына сүйенді, ал ол ұлттық сана сезімнің дамуына түрткі болды. Егер ХУІІ ХУІІІ ғасырларда Еуропада табиғи құқықтық ілім сословиелі теңсіздікке қарсы бағытталса, Солтүстік Америкада ол американдық отарлар мен ағылшын метрополиясы теңсіздіген қарсы тұрды. Осыдан келіп АҚШ – тың тәуелсіздігі туралы тұжырымдама шықты.

**романтикалық ағым** - француз мәдениеті мен қоғамдық ойында, тарих ғылымында ХУІІІ ғасырдың аяғы – ХІХ ғасырдың басында Француз революциясының әсерімен қалыптасты. Алғаш рет романтикалық тарихи ой Француз революциясына деген дәстүрлі реакция шоғырында пайда болды. Сондықтан алғашқы романтизм контрреволюциялық әрекет ретінде теократиялық идеяға жақын болды.

**Либералды романтикалық тарихнама** – ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Германиядағы прогрессивті буржуазиялық тығыз байланысты тарихи білім. Оның идеологтары тарихты танудың саяси қажеттілігінайтты. Олар тарихтың алдына сол кездегі өзекті саяси мәселелерді шешу міндетін қойды. Оның көрнекті ғалымдары болып Йен университетінің профессоры Г.Луден, фрейбургтік тарихшы К.Фон Роттен, Бонн ғалымы Ф.К.Дальман табылды.

**Позитивизм** – ХІХ ғасырда Германияда пайда болған бағыт. Уақыттың жалпы рухы ағартушылық оптимизмнің жаңғыруымен және қоғамдық прогреске деген сенімнің болғанымен сипатталады. Тарихи білімде танымның ғылыми әдістері бекемделді, оның ішінде жаратылыстану ғылымдарының әдістері үлкен абыройға ие болды. Тарих үрдісті зерттеушілер адам мен табиғат бағынған табиғи заңдарға баса назар аударылды. Жекені емес, жалпыны, үнемі әрекетте болатын дүниені зерттеуге көңіл қойды. Адамдардың, тіпті халықтың да аты аталмайтын тарихты зерттеу негізгі мақсат болды.

**тарихи – экономикалық бағыт** – ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы неміс буржуазиялық тарихнамасындағы ғылыми бағыт. Оның қалыптасуына пролетариаттың тап күресі, марксизм әсер етті. Осы бағыттың өкілдері қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуы туралы жеке тұжырымдамасын қарама – қайшы қойды. Бұл орайда жеке меншіктің мәңгі екені, капитализм адамзат тарихының аяғы екендігі дәлелденді. Тарихи – экономикалық бағытты ұстанғандар әлеуметтік қайшылықтарды реттейтін реформаны жақтаушылар ретінде көрінді. Капитализмді сақтап қалу мақсатында олар әлеуметтік саясат төңірегіндегі үгітті күшейтіп, экономиканың даму бағытына мелекеттің араласуын құптады. Өз көзқарастарын кеңінен тарату үшін олар 1872 жылы Әлеуметтік Саясаттың Одағын құрды. Бұл Одақ фашизмнің алғашқы билік құрған кезіне дейін өмір сүрді. Методологиялық жағынан тарихи – экономикалық бағыт қандай да бір жалпы заңдарды жоққа

шығарды. Ал экономикалық теорияны түрлі дәуірдегі шаруашылық туралы фактлерді жинақтап, сипаттаумен алмастырды.

**мәдениет** – әлеуметтік - философиялық категория. Мәдениеттің феноменін терең зерттеу Еуропада ХУІІІ ғасырда басталып, Ф.М.Вольтер, Ж.Р.Тюрго, М.Ж.А.Н.Кондорсе, Дж.Вико, И.Г.Гердер, Г.Э.Лесинг есімдерімен байланысты болды. Ағарту дәуірінде мәдениет идеясы ақыл-ой бастамасының даму дәрежесін көрсетіп, құқық, саясат, мораль, дін, ғылымда ақыл - ойды объективті әлеумет ретінде айқындалды. Классикалық неміс философиясы мәдениетті қоғам мен жеке сананың прогресі ретінде қарастырды. Гегель мәдениетті өнер, дін, философия, ретінде талдап, бұл формаларды қоғамдық сананың «мәдениет бейнесі» деп сипаттады.

**өркениет** – латын тілінен аударғанда азамат, азаматтық, мемлекеттік ұғымы ретінде түсіндіріледі. Ол ғылыми айналымға ХУІІІ ғасырда енген. Осы кезде әлеуметтік – философиялық мағынасы кең тарап, дүние жүзілік тарихи үрдісті және азаматтық қоғам құндылықтарының нақты сатысын белгілеу үшін қолданылды. Құндылықтар жүйесіне, дәстүрлер, символдар, социумның және дәуірдің өмір салтына сәйкес жергілікті мәдениеттің нақты даму жағдайын, оның әлсіреуі мен күйреуін белгілейді. Өркениет адамзаттың жоғары даму сатысын көрсетеді. Адамзат тарихы прогресін өлшеудің типологиялық бірлігі ретінде бұл ұғым жеке аймақ немесе суперэтностың деңгейін, кезеңін, ерекшеліктерін сипаттау үшін де қолданылады.

## ДӘРІС САБАҚТАРЫ

### 1 дәріс. Кіріспе.

Дәріс ұйымдастыру-жобалық тәсіл бойынша өткізіледі.

**Дәріс мақсаты** : тарихнама ғылымы мен пәнінің негіздерін ұғындыру

**Негізгі ұғымдар**: тарихнамалық деректер, тарихнамалық факт, тарихнамалық заңдылықтар, тарихнамалық дәстүр, тарихнамалық мектеп, тарихнамалық зерттеу принциптері мен әдістері

**Негізгі мәселелер**:

1. тарихнама ғылымы мен шетелдер тарихы тарихнамасы пәнінің мақсаты мен міндеттері

2. жалпы тарихтың тұжырымдамасы

**Қысқаша мазмұны**: Тарихнама пәні және оның міндеттері. Жалпы тарихтың тұжырымдамасы. Тарихи кезеңдер. Тарихи дәуір ұғымы. Қоғамда тарихи сананың қалыптасуы.

**Өзін бақылау сұрақтары**: Шетелдер тарихнамасы пәнінің негізгі деректері; жалпы тарихтың тұжырымдамасы; тарихнаманың негізгі кезеңдері; тарихнама ғылымының методологиясы

**Ұсынылатын әдебиеттер**. Историография истории средних веков. - М., 1975.; Историография истории нового времени стран Европы и Америки. Учебное пособие. - М., 1990.

## **2-дәріс. Ежелгі Шығыстың тарихнамалық дәстүрінің негізгі белгілері және антикалық тарихнама.**

Дәріс проблемалық тәсіл бойынша өтізіледі.

**Дәріс мақсаты:** Антикалық тарихнаманың мәнін ашу

**Негізгі сөздер:** тарихнамалық дәстүр, рационализм, тарихи білім

**Негізгі мәселелер:**

1. Ежелгі Шығыстың тарихнамалық дәстүрі

2. Антикалық тарихнаманың даму үрдістері

**Қысқаша мазмұны:** Геродот, Фукидид, Ксенофонт, Аристотельдің тарихи еңбектері және оларда рационализмнің көрініс табуы.

**Өзін бақылау сұрақтары:** Аристотельдің тарихи шығармаларына шолу.

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Историография истории средних веков. - М., 1975

## **3 - дәріс. Ежелгі Рим тарихнамасы.**

Дәріс ахуалды шешу тәсілі бойынша өтікізіледі

**Дәріс мақсаты:** Ежелгі Рим тарихнамасының сипатын анықтау

**Негізгі сөздер:** анналдар, компилятивті әдіс, тарихнамалық дерек

**Негізгі мәселелер:**

1. Ежелгі Ромнің тарихшылары және олардың еңбектері

2. Тарихты зерттеудегі римдіктердің ұстанған әдіс-тәсілдері

**Қысқаша мазмұны:** Анналдар тарихи шығарманың түрі ретінде. Кейінгі империядағы Ром авторларының еңбектеріндегі компилятивті әдіс.

**Өзін бақылау сұрақтары:** Ежелгі Ромдағы негізгі тарихнамалық деректер: тарихи зерттеулердің құндылықтары мен кемшіліктері.

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Историография истории средних веков. - М., 1975

## **4 - дәріс. Ерте ортағасырлық тарихнамасы.**

Дәріс ақыл-ойға шабуыл тәсілі бойынша өтізіледі.

**Дәріс мақсаты:** Ерте ортағасырлық тарихнамаға талдау жасау

**Негізгі сөздер:** тарихнамалық дәстүр, теология, тұжырымдама, тарихнамалық дерек

**Негізгі мәселелер:**

1. Ерте ортағасырлардағы тарихнамалық дәстүр;

2. Тарихнамадағы теологиялық бағыт

**Қысқаша мазмұны** Ерте ортағасырлық дәстүрдің қалыптасуына антикалық тарихнаманың әсері. Августин Аврелийдің теологиялық тұжырымдамасының қалыптасуы. VI-VII ғасырлардағы “Тарих”-тарихнамалық шығарманың түрі.

**Өзін бақылау сұрақтары:** Антикалық тарихнаманың негізгі белгілері; Августин және оның еңбектері;

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Историография стран Европы и Америки в средние века. - М., 1983.

## **5- дәріс. Классикалық ортағасырдың тарихнамасы.**

Дәріс ахуалды шешу тәсілі бойынша өткізіледі.

**Дәріс мақсаты :** Классикалық ортағасырлық тарихнамаға сипаттама беру

**Негізгі сөздер:** үрдіс, прогресс, провиденциализм, эсхатология, тарихи тұжырымдама

**Негізгі мәселелер:**

1. Тарихнамадағы зайырлы үрдіс және шынайылық.

2. Провиденциализмнің мәні және эсхатологиялық көзқарастың белгілері

**Қысқаша мазмұны:** Тарихнамадағы зайырлы үрдістердің дамуы. Тарихи оқиғалардың себеп-салдарының дәстүрлі көріністерінің қалыптасуы. Провиденциализм тарихи зерттеудің әдісі ретінде. Эсхатологиялық көзқарастар және оның тарихи тұжырымдамаға әсері.

**Өзін бақылау сұрақтары:** Тарихнамадағы зайырлы үрдістердің қалыптасуы; тарихи зерттеулердегі жаңа әдістердің орын алуы

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Историография стран Европы и Америки в средние века. - М., 1983.

## **6 - дәріс. Дүниежүзілік тарихты зерттеудегі гуманистік дүниетанымның қалыптасуы.**

Дәріс пресс-конференция тәсілі бойынша өткізіледі.

**Дәріс мақсаты:** Тарихты зерттеудегі гуманистік дүниетанымның қалыптасуын айқындау

**Негізгі сөздер:** рационалистік әдіс, антикалық дәстүр, гуманизм, дүниетаным

**Негізгі мәселелер:** 1. Рационалистік әдіс және оның белгілері

2. Тарихнамадағы гуманизм

**Қысқаша мазмұны:** Тарихи зерттеудегі рационалистік әдістің қалыптасуы. Гуманистік дәуірдегі антикалық дәстүрдің қайта өрлеуі. Гуманистердің провиденциализмді сынауы. Жан Бодэ және оның тарихи көзқарастары.

**Өзін бақылау сұрақтары:** Тарихнамадағы гуманизм; Жан Бодэнің тарихи ой - пікірлері

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Историография стран Европы и Америки в средние века. -М.,1983.

## **7-8 дәрістер. Кейінгі ортағасырлардағы гуманизм және Реформация.**

Дәріс талдау және баға беру тәсілі негізінде өткізіледі.

**Дәріс мақсаты:** Кейінгі ортағасырлардағы еуропалық тарихнамаға сипаттама беру

**Негізгі сөздер:** реформация, гуманизм, капиталистік уклад, тарихнамалық мектеп

**Негізгі мәселелер:** 1. Кейінгі ортағасырлардағы тарихи зерттеулердің бағыттары мен белгілері;

## 2. Неміс гуманизмінің мәні мен мазмұны

**Қысқаша мазмұны:** ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы тарихнаманың жалпы белгілері. Неміс гуманизмінің ерекшеліктері, оның реформациямен байланысы. Шығармалардағы капиталистік укладтың көрініс беруі. Батысеуропалық тарихнаманың дамуындағы реформация кезеңіндегі еңбектердің маңызы.

**Өзін бақылау сұрақтары:** реформация кезеңіндегі тарихнамалық деректердің жалпы мазмұны; гуманистік мектептің өкілдері және олардың шығармалары

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Историография истории нового времени стран Европы и Америки. Учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по спец. «История». Под. ред. И.П. Дементьева. - М.,1990.

## 9 - дәріс. ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. Англияда тарихи ойдың дамуы.

Дәріс салыстырмалы талдау және жүйелеу тәсілі негізінде өткізіледі.

**Дәріс мақсаты:** Жаңа замандағы ағылшын тарихнамасының дамуы үрдістерін ашу.

**Негізгі сөздер:** тарихи білім, тарихи тұжырымдама, реставрация, тарихи ой

**Негізгі мәселелер:**

1. Ағылшын буржуазиялық революциясының тарихи ойдың дамуына әсері
2. Реставрация дәуірі және тарихи білім.
3. Ағылшын ағартушылары және олардың тарихи білімді жетілдіруге қосқан үлестері

**Қысқаша мазмұны:** Буржуазиялық революция және оның тарихнамаға әсері. Диггерлер мен левеллерлердің тарихи көзқарастары. Индепенденттер мен монархистердің тарихи тұжырымдамасы. Томас Гоббс, Джеймс Гарринтон. Реставрация дәуіріндегі тарихи білім. Джон Локк.

Ағылшын ағартушыларының тарихи ойлары. Тарихи білімнің жағдайы. Давид Юм, Эдуард Гиббон. Адам Смиттің тарихи көзқарастары.

**Өзін бақылау сұрақтары:** Ағылшын тарихнамасының даму үрдістері және оның ерекшеліктері; Реставрация, төңкеріс кезіндегі тарихи білім

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. История исторического знания. -М., Дрофа, 2004.

## 10 - дәріс. Францияда тарихи идеялардың дамуы.

Дәріс жүйелеу тәсілі негізінде өткізіледі.

**Дәріс мақсаты:** ХҮІІ – ХҮІІІ ғасырлардағы Франциядағы тарихи идеялардың дамуы бағыттарын көрсету

**Негізгі ұғымдар:** физиократтар, энциклопедистер, тарихнамалық мектептер

**Негізгі мәселелер:** 1. Француз ағартушылығы және тарихи ой.

2. Энциклопедистердің тарихи еңбектері. Ұлы Француз революциясы және тарихи білімнің жетілдірілуі

**Қысқаша мазмұны:** ХҮІІІ ң. Француз ағартушыларының тарихи көзқарастары. Жан Мелье, Буленвилье, Дюбо және герман - роман мәселелері. Шарль Луи де Монтескье, Вольтер. Физиократтар. Энциклопедистер. Дени Дидро. Поль Анри Гольбар, Гийом Рейналь, Жан-Жак Руссо. Габриэль Бонно де Мабли.

Ұлы француз революциясы қайраткерлерінің тарихи көзқарастары. Антуан Барнава, Франсуа Волбней, Ж.П. Марат, М. Робеспьер.

Жан Антуан Кондорсе – энциклопедистердің кіші буын өкілі. Франсуа Бабеф “Заговор равных”.

**Өзін бақылау сұрақтары:** Француз ағартушыларының тарихи көзқарастары және олардың тарихи білімді дамытуға ықпалы; энциклопедистердің тарихи шығармашылығына сипаттама

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. История исторического знания. - М., Дрофа, 2004.

## **11–дәріс. ХҮІІІ ғ. неміс ағартушыларының тарихи ойлары.**

Дәріс пресс-конференция тәсілі бойынша өткізіледі.

**Дәріс мақсаты:** ХҮІІІ ғасырдағы Германиядағы және АҚШ – тағы тарих ғылымының жай – күйін айқындау

**Негізгі сөздер:** тарих ғылымы, буржуазиялық – радикалдық бағыт, демократиялық идеялар, американ ағартушылығы

**Негізгі мәселелер:**

1. Неміс ағартушылары және олардың тарихи ойлар
2. ХҮІІІ ғасырдағы Солтүстік Америка ағартушылары және олардың тарихи еңбектерінің негізгі мазмұны

**Қысқаша мазмұны:** Германиядағы тарих ғылымы. Неміс ағартушыларының қоғамдық-тарихи идеялары. (Юстус Мезер, Иссак Изелин, Г. Лессинг, Иоганн Гердер). Г. Форстердің буржуазиялық - радикалды-демократиялық идеялар. И. Кант, Ф. Шиллер, И. Гете, Шлецер.

ХҮІІІ ғ. Солтүстік Америка ағартушыларының тарихи көзқарастары. 1775-1783 жж. Солтүстік Америкадағы тәуелсіздік үшін күрес. ХҮІІІ ғ. Американ ағартушылары. Вениамин Франклин, Томас Джефферсон, Томас Пейн.

**Өзін бақылау сұрақтары:** Неміс ағартушыларының қоғамдық тарихи және буржуазиялық радикалды-демократиялық идеялары; ХҮІІІ ғасырдағы Солтүстік Америкадағы тәуелсіздік үшін күрес және тарихи білімнің қалыптасуы

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Шамшиденова Ф.М. Шетелдердің жаңа заман тарихының тарихнамасы. Оқу құралы. - Алматы., 2006.

## **12 – дәріс. ХІХ ғасырдағы тарихи ойдың дамуы. ХІХ ғ. бірінші жартысындағы тарихи білім.**

Дәріс жобалау тәсілі бойынша өткізіледі.

**Дәріс мақсаты:** XIX ғасырдағы Батыс Еуропадағы тарихи ойдың дамуы бағыттарын анықтау

**Негізгі сөздер:** тарихи ой, буржуазия-либералдық мектеп, утопиялық социализм, қайта құру дәуірі, «Құқық» тарихи мектебі, романтикалық тарихнама,

**Негізгі мәселелер:** 1.Франциядағы тарих ғылымының дамуына үлес қосқан ойшылдар

2. Ағылшын тарихнамасының негізгі бағыттарын

3. XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы неміс романтикалық тарихнамасы

**Қысқаша мазмұны:** Францияда тарихи ой мен ғылымның дамуы. Буржуазия-либералдық мектеп. ХҮІІ ғ. француз революциясының тарихы. Сталь, Минье, Тьер еңбектерінде. Утопиялық социализм и қайта құру дәуіріндегі тарихи ой.

Англиядағы тарихи білім. Ағылшын тарихнамасының басты бағыттары.

Германияда тарихи ғылымның дамуы. Қоғамдық ойдың басты бағыттары. «Құқық тарихи мектебі. 20-40 жж. неміс романтикалық тарихнамасы. Тарихшылардың Гидельберг мектебі (Шлоссер, Гервинус, Гейссер, Циммерман, Маурер). АҚШ тарихнамасы. Романтизм. Ерте мектеп тарихшылары.

**Өзін бақылау сұрақтары:** Францияда тарихи ой мен ғылымның дамуы; неміс романтикалық тарихнамасы; АҚШ тарихнамасы және ерте мектеп тарихшылары

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Шамшиденова Ф.М. Шетелдердің жаңа заман тарихының тарихнамасы.. Оқу құралы. -Алматы., 2006.

### **13-14 дәрістер. XIX ғ. екінші жартысындағы тарихи ғылымның дамуы.**

Дәріс «дөңгелек стөл» тәсілі бойынша өткізіледі.

**Дәріс мақсаты:** XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропадағы тарихи білім мен ғылымның даму үрдістерін айқындау

**Негізгі сөздер:** ағылшын позитивизімі, тарихи мектептері, экономикалық тарих, радикалды бағыттар, буржуазиялы-либералды бағыт, католиктік бағыт, жаңа либерализм, позитивизм

**Негізгі мәселелер:** 1.Англиядағы тарих ғылымы

2.Француз революциясының тарихнамасында

3.Неміс, итальян, америка тарихнамалары және олардың сипаттамасы

**Қысқаша мазмұны:** Ағылшын тарих ғылымы. Ағылшын позитивизімі. Оксфорд және Кембридж тарихи мектептері. Экономикалық тарих. Кеннингем, Эшли, Тойнби. Отарлау саясатының тарихнамасы.

50-60 жж. француз тарихнамасы. Француз революциясы тарихнамасының радикалды бағыттары. Буржуазиялы-либералды бағыт. Республикалық бағыт тарихнамасы. Париж Коммунасының тарихнамасы. Францияның сыртқы саясатын зерттеу. А. Сорель, А. Дебидур. Европаның басқа елдері француз тарихнамасында. Шарль Сеньобос.

XIX ғ. 50-90 жж. герман тарихнамасы. Кіші герман және Ұлы герман тарихи мектептері.

XIX ғ. 70-90 жж. герман тарихнамасы. Жаңа тарихи мектеп. Католиктік бағыт. Бржуазиялық тарихнамадағы жаңа либерализм.

АҚШ тарихнамасы. Джон Дрепер, Ф. Дуглас, Джеймс Скулер, Джеймс Родс, Дж. Мак Мастер.

Итальян тарихнамасы. Позитивизм (Рисорджименто) тарихын зерттеу: Поляк тарихнамасы. Краков және Варшава мектептері.

**Өзін бақылау сұрақтары:** XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропадағы тарихнамасының негізгі белгілері және даму үрдістері; Франциядағы, Англиядағы, Германиядағы, АҚШ – тағы, Италиядағы тарихи мектептер

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. История исторического знания. - М., Дрофа, 2004; Историография истории нового времени стран Европы и Америки. Учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по спец. «История». Под.ред. И.П.Дементьева. - М., 1990.

## **15 – дәріс. XX ғ. басындағы Батыс Еуропада тарихи білімнің дамуы.**

Дәріс ахуалды шешу тәсілі бойынша өткізіледі.

**Дәріс мақсаты:** XX ғасырдың бас кезіндегі Батыс Еуропадағы тарихи білімнің дамуы бағыттарын көрсету.

**Негізгі сөздер:** либералды-республикалық бағыт, утопиялық социализм, революция тарихы қоғамы, консервативтік тарихнама, буржуазиялық әлеуметтану

**Негізгі мәселелер:**

1. Ағылшын тарихнамасының негізгі бағыттарын
2. Француз, неміс тарихнамасы, және олардың өзіндік ерекшеліктері

**Қысқаша мазмұны:** Ағылшын тарихнамасының негізгі бағыттары. Отарлау саясатының тарихы.

Француз тарихнамасы. Либералды-республикалық бағыт. Утопиялық социализм тарихының мәселелері. 1848 ж. революция тарихы қоғамы.

Герман тарихнамасы. Консервативтік тарихнама. (Макс Ленц, Рейнгольд Козер, Отто Хинце).

Неміс буржуазиялық әлеуметтануы. Макс Вебер, Эрнест Трельч, В. Зомбарт.

**Өзін бақылау сұрақтары:** XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропадағы тарихи білімге сипаттама; әртүрлі елдер тарихнамасындағы мектептер мен бағытар

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. История исторического знания. - М., Дрофа, 2004; Историография истории нового времени стран Европы и Америки. Учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по спец. «История». Под. ред. И.П. Дементьева. - М., 1990.



## **СЕМИНАР САБАҚТАРЫ**

### **1 тақырып. Ежелгі Шығыс және Рим тарихнамасы.**

**Мақсаты:** Ежелгі Шығыс және Ром тарихнамасының ерекшеліктерін көрсету.

#### **Негізгі мәселелер:**

1. Ежелгі Шығыс тарихнамасының өзіне тән белгілері.
2. Ежелгі Ром тарихнамасына сипаттама.
3. Тарихи еңбектердің сипаты.

**Әдістемелік тәсілдердің түрлері:** семинар сабағы ұйымдастыру-жобалау тәсілі бойынша өткізіледі. Студенттер ежелгі Шығыс тарихнамасының қалыптасуы және ерекшеліктері туралы қысқаша хабарламалар жасауы тиіс. Ежелгі Ром тарихнамасын сипаттайтын хабарламалар дайындау студенттің өзбетінше ізденуіне мүмкіндік береді. Олардың ерекшеліктерін ашатын салыстырмалы кесте құрастыру студенттерді талдауға үйретіп, ой қорытуға машықтандырады. Тарихи еңбектердің сипатын ашу тарихнамалық баға бере білуді меңгеруге жол ашады.

**Әдістемелік ұсынымдар:** мәселені Шығыстың көне дәуірдегі тарихнамасын талдауда негізгі тарихнамалық деректерді анықтаудан бастау қажет.

Оқытушының назарына. Семинар сабағында алдын-ала дайындалып, құрастырылған библиография бойынша топтағы студенттерді 2 немесе 3 шағын топқа бөліп, ежелгі тарихнаманың ерекшеліктерін бір бірімен салыстыру арқылы қарастыру оларға сипаттама беруді ғылымиландырады. Студенттер бір бірімен сұрақ – жауап, проблемалық сауалдар қою арқылы байланыс орнатып, өздері дайындап келген материалдарымен өзгелерді таныстыруы қажет. Сонда сабақ мақсатына қол жеткізіп, дәрісте алған білім тереңдей түседі.

**Әдебиеттер:** История Древнего мира. - М., 1969., История Древней Греции. - М., 1973., Историография Древнего Востока. – М., 2002.

### **2 тақырып. Ерте ортағасырлық тарихнама.**

**Мақсаты:** Ерте ортағасырлық тарихнаманың негізгі белгілерін анықтау.

#### **Негізгі мәселелер:**

1. Тарихнамалық дәстүрдің қалыптасуы.
2. Аврелий Августин және оның тұжырымдамасы.
3. Тарихнамалық шығармалардың түрлері.

**Әдістемелік тәсілдердің түрлері:** семинар сабағы проблемалық тәсіл бойынша өткізіледі. Проблема ретінде ерте ортағасырлық тарихнаманың ерекшеліктерін анықтау мәселесі қойылады. Осыған орай тақырыптың мазмұнын ашуға бағытталған проблемалық сұрақтар алдын ала дайындалып, студенттерге беріледі. Сол сауалдар логикалық ретте қойылып, студенттер жеке немесе топ болып жауап бере алады. Жауаптарды бағалауда оның толықтығы және студенттің өзбетінше ізденісі ескеріледі.

**Әдістемелік ұсынымдар:** Тарихнамалық дәстүрдің қалыптасуының алғышарттарын айқындауда Иордан, Григорий Туркский, Иседор Сивильский, Беда Достопочтенный, Павел Диакон еңбектерінің маңызын көрсетуден бастаған жөн. Тарихнамалық дәстүрдің ерте ортағасырлардан бастау алатындығының себептерін ашудың өзі проблемалық ахуалды шешу болып табылады.

Бұдан соң ертеортағасырлық тарихи шығармалардың дүниеге келуіне христиан дінінің ықпалын, тарихшының шындыққа көзқарасын, тарихты жазудағы әдіс-тәсілдерін ашып көрсету келесі проблемалық мәселені шешу болып саналады. Аврелий Августиннің дүниені түсінуі және тарихи оқиғалар мен үдерістерге көзқарасын жүйелі түрде анықтау барысында тағы бір проблема шешімін табады. Мұнда А. Августиннің өмірбаяны туралы да айтуды ұмытпаған абзал. Негізгі түйіткілдерді дәптерге жазып, конспект түрінде дайындау айтылатын ойды жинақтауға, ой қорытуға машықтандырады.

Ерте ортағасырлардағы тарихнамалық еңбектерді түрі, жанры, мазмұны, хронологиясы, т.б. жағынан сыныптауда тарихнамалық кесте құрастырып, талдау студенттердің логикалық ойлау қабілеті мен мәселеге шығармашылық тұрғыда келуге үйретеді.

**Әдебиеттер:** Историография стран Европы и Америки в средние века. - М., 1973; Вайнштейн О.Л. Историография средних веков в связи с развитием исторической мысли от начала средних веков до наших дней. – М., 1940.

Вайнштейн О.Л. Очерки развития буржуазной философии и методологии истории в XIX-XX вв. –Л., 1979; Жумагулов К.Т. Древнегерманское общество: проблемы и концепции. – Алматы: Дәуір, 1993; Жумагулов К.Т. Проблемы возникновения и развития феодализма в Западной Европе. - Алматы: «Қазақ университеті», 1996; Жумагулов К.Т. Проблемы истории германских племен (с древнейших времен до начала средних веков). – Алматы, 2002.

### **3 тақырып. Әлем тарихын зерттеудегі гуманистік дүниетанымның қалыптасуы.**

**Мақсаты:** әлем тарихын зерттеудегі гуманистік дүниетанымның қалыптасуының алғышарттары мен себептерін анықтау

#### **Негізгі мәселелер:**

1. Провиденциалистік және эсхатологиялық көзқарастар.
2. Рационалистік әдістің қалыптасуы.
3. Жан Бодэ және оның еңбектері.

**Әдістемелік тәсілдердің түрлері:** сабақ ахуалды шешу тәсілі бойынша өткізіледі. Студенттерге үй тапсырмасы берілген уақытта тақырып бойынша ауызша айтылуға тиіс сұрақтар алдын-ала дайындық үшін беріледі. Сол сауалдар бойынша слайдтар дайындалуы тиіс. Студенттер шағын екі топқа бөлінеді.

**Әдістемелік ұсынымдар:** Олар бір біріне гуманизмді, провиденциализмді, эсхатологияны, рационализмді сипаттайтын сауалдар қояды. Мәселен, бір топ екіншісіне гуманистік бағытқа тән сипаттаушы үзінді келтіреді, ал екінші топ оның қандай бағыт екендігін айқындап, жауап береді. Келесіде екінші топ біріншіге провиденциализмнің мәніне байланысты үзінді келтіреді. Бірінші топ толық жауап береді. Жауаптарында үйде дайындаған слайдтарын пайдаланады. Сол сияқты эсхатологияның, рационализмнің мәнін ашатын сұрақтар алма кезек қойылып, жауаптар беріледі. Студенттер көрсетілген бағыттарға орай сөздер жасырып, олардың қанша әріптерден тұратынын атап, өзгелерді қызықтырады. Сөздерді дұрыс тапқан студенттерге қосымша балл қойылады. Жан Бодэнің өмірі мен ғылыми еңбектері туралы қысқаша хабарламалар жасалады. Зерттеушінің шығармашылығына байланысты сөз жұмбақ құрастырылып, жылдам жауап бергендерге балл қойылады. Гуманизмді, провиденциализмді, эсхатологияны, рационализмді сипаттайтын сауалдарды қоюда олардың мәні мен мазмұнын ашатын жазбаларды алдын-ала дайындау қажет. Ең тиімдісі гуманистік, провиденциалистік, эсхатологиялық, рационалистік бағыттарды параллель көрсетіп тұратын кесте түріндегі жазба дайындау сауалдарды қоюды жеңілдетеді.

**Әдебиеттер:** Жумагулов К.Т. Древнегерманское общество: проблемы и концепции. – Алматы: Дәуір, 1993; Жумагулов К.Т. Проблемы возникновения и развития феодализма в Западной Европе. - Алматы: «Қазақ университеті», 1996; Жумагулов К.Т. Проблемы истории германских племен (с древнейших времен до начала средних веков). – Алматы, 2002.

#### **4 тақырып. Кейінгі ортағасырлардағы гуманизм және Реформация.**

**Мақсаты:** Гуманизм мен Реформацияның кезіндегі тарихнаманың өзіндік белгілерін ашу

**Негізгі мәселелер:**

1. ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы тарихнама.
2. Неміс гуманизмі.
3. Реформация кезеңіндегі еңбектер және олардың маңызы.

**Әдістемелік тәсілдердің түрлері:** сабақ ұйымдастыру-жобалау тәсілі негізінде өткізіледі. Студенттер шағын рефераттар, солар бойынша слайдтар әзірлеулері тиіс.

**Әдістемелік ұсынымдар:** алдымен ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы тарихнамаға жалпы сипаттама беріп, тақырыпша бойынша тест сауалдарын, сөзжұмбақтар құрастырып, олардың жауаптарын студенттерден талап етулері тиіс. Мұндай тәсілде студенттер алдын-ала екі немесе үш топқа бөлінгендері дұрыс. Тест сауалдарына дұрыс жауап беріп, сөзжұмбақтарды тез шешкен студенттерге ынталандандырушы сыйлықтар беруге болады.

Неміс гуманистік тарихнамасының ерекшеліктері де шағын реферат түрінде ашылғаны жақсы. Реферат дайындаушы да алдын-ала тандап алынады. Рефератпен сөйлеген студенттің айтқандарын студенттердің

мұқият тыңдағандарын білу мақсатында өзі екі-үш сұрақты «Миллион кімге бұйырады?» деген ойынның шарттары тәрізді қояды.

Реформация кезеңіндегі еңбектер және олардың маңызын келесі бір топ көрсетеді. Оларға екінші топ студенттері сарапшы болып, мәселенің толық, әрі дұрыс ашылғандығына баға береді.

**Әдебиеттер:** Вайнштейн О.Л. Историография средних веков в связи с развитием исторической мысли от начала средних веков до наших дней. – М., 1940; Вайнштейн О.Л. Очерки развития буржуазной философии и методологии истории в XIX-XX вв. –Л., 1979.Историография новой и новейшей истории стран Европы и Америки. - М., 1968; Жумагулов К.Т. Древнегерманское общество: проблемы и концепции. – Алматы: Дәуір, 1993; Жумагулов К.Т. Проблемы возникновения и развития феодализма в Западной Европе. - Алматы: «Қазақ университеті», 1996; Жумагулов К.Т. Проблемы истории германских племен (с древнейших времен до начала средних веков). – Алматы, 2002.

## **5-6 тақырып. Реставрация кезеңінің тарихнамасы**

**Мақсаты:** Реставрация дәуіріндегі тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуын көрсету

**Негізгі мәселелер:**

1. Реставрация кезеңіндегі тарихи білім.
2. Ағылшын ағартушыларының тарихи ойлары.
3. Француз ағартушыларының тарихи көзқарастары.
4. Неміс ағартушылары және олардың еңбектері.

**Әдістемелік тәсілдердің түрлері:** сабақты бірнеше тәсілдер бойынша өткізуге болады. Реставрация дәуіріндегі тарихи білім, ағылшын ағартушыларының тарихи ойларын көрсетуде студенттерге үйге тапсырма беруде сабақты өткізудің тәсілін таңдау құқығының берілетіндігі баса айтылады. Мәселен, «мұражайға саяхат», «пресс-конференция», «диссертация қорғау» т.б. тәрізді тәсілдерді алуға болады. Сондықтан да студенттер сұрақтардың мазмұнын ашудің тәсілді таңдап алып, сол бойынша дайындалып келіп, сабақта көрсетеді.

**Әдістемелік ұсынымдар:** таңдап алынған тәсіл бойынша көрсетілген мәселелердің мазмұнын ашуда семинар сабағының жоспарынан ауытқымау басты талап болып табылады. Мәселен, реставрация кезеңіндегі тарихи білім және ағылшын ағартушыларының тарихи ойларын талдауда «пресс-конференция» тәсілі тиімді. Студенттер тақырыптың мазмұнын ашуға негізделген алдын-ала дайындаған сұрақтарын ғылыми журналдардан, газеттерден келген өкілдерге қояды. Басылым өкілдерінің бірнешеу болғаны дұрыс, тек сондай жағдайда ғана сұрақтардың мазмұны толық ашылады. Өкілдер жауаптарын қысқаша конспект түрінде әзірлегендері дұрыс.

Ағылшын ағартушыларының тарихи ойларын, француз ағартушыларының тарихи көзқарастарын «мұрағатқа» немесе «мұражайға саяхат» тәсілі бойынша анықтаған тиімді. Студенттер үй тапсырмасын алған кезде осы екі

мәселе бойынша мұрағат немесе мұражай экспонаттары ретінде слайдтар, гид-экскурсиятанушылар тәрізді сөйлейтін сөздерін дайындайды. Қысқаша түрдегі әңгімелеуді бірнеше студент әзірлейді. Экскурсияға қатысушылар қосымша сұрақтар қояды. Осылайша мәселелердің мазмұны толық ашылады.

Неміс ағартушыларының және олардың еңбектерінің мазмұнын ашуды ойын түрінде, нақтырақ айтса, зияткерлік сайыс түрінде ұйымдастыруға болады. Мұндай тәсілді пайдалануда неміс ағартушыларының есімдері, олардың өмірі мен шығармашылығынан, еңбектерінің атаулары мен мазмұнына байланысты сұрақтар қойылып, дұрыс жауаптар бағаланады. Ойыншыларды таңдап алуда алдымен 4-5 тест сауалдары қойылады, ең көп балл жинаған студенттер сайысқа жіберіледі.

Айта кетерлік жайт, оқытушы әрбір сұрақтан соң қорытынды жасап, мәселенің толық ашылған, ашылмағанын анықтап, баға береді. Әрбір мәселеден кейін ой түйіндеуді оқытушы өзі жасамаған жағдайда студенттердің бойына осы дағдыны сіңдіруі қажет.

**Әдебиеттер:** Вайнштейн О.Л. Историография средних веков в связи с развитием исторической мысли от начала средних веков до наших дней. – М., 1940; Вайнштейн О.Л. Очерки развития буржуазной философии и методологии истории в XIX-XX вв. –Л., 1979.

## **7-8 тақырып. XIX- ғасырдағы тарихи ойдың дамуы.**

**Мақсаты:** Өркениетті елдердегі тарих ғылымы мен тарихи ойдың даму бағыттарын анықтау

**Негізгі мәселелер:**

1. Еуропада тарихи ой мен ғылымның дамуы.
2. Ағылшын тарихнамасының басты бағыттары.
3. Германияда тарих ғылымының дамуы.
4. АҚШ тарихнамасы.

**Әдістемелік тәсілдердің түрлері:** сабақты ұйымдастыру-талдау тәсілі бойынша өткізуге болады. Аталмыш тәсілді пайдалана отырып, көрсетілген сұрақтардың мазмұнын толық ашуға мүмкіндік туады. Бұл тәсіл бойынша ұйымдастыру дегені оқытушы жекелеген мәселелер бойынша талдауға негізделген сұрақтарды логикалық сабақтастықта қойып тұрады, ал студенттер сол сұрақтарға жауап береді. Сабақ тартымды өту үшін сауалдарға студенттер дара жауаптан гөрі бірнеше топ болып кеңесіп, жауаптарын қоржындарына балл жинақтау түрінде бергендері дұрыс, өйткені мұның өзі оларды ұжыммен еңбек етуге және ой қорытуға дағдыландырады.

**Әдістемелік ұсынымдар:** XIX ғасырдағы Еуропада тарихи ой мен ғылымның дамуы мәселесі бойынша мынадай талдау сұрақтары қойылады: тарихи ой мен ғылымның дамуына ықпал еткен факторлар; еуропалық тарихи ойдың бағыты; тарихи ойдың қалыптасуына үлес қосқан ойшылдар; ғылым дамуының үрдістері және көріністері. Жауаптардың толық, әрі нақты

болуы қадағаланады. Студенттердің өз ойларының орын алуы жоғары бағаланады.

Ағылшын тарихнамасының басты бағыттары бойынша: тарихнаманың негізгі бағыттары мен ерекшеліктері; тарихи зерттеулердің мазмұны және құндылығы; тарихнамалық мектептердің ғылыми зертханасы, т.б. сауалдар қойылады.

Германияда тарих ғылымының дамуы, АҚШ тарихнамасы бойынша да осыған ұқсас сұрақтар қойылады. Талдау жасауда салыстыру, жүйелеу, ой түйіндеу, т.б. тәрізді әдістерді ұстану жоғары бағаланады.

**Әдебиеттер:** Историография новой и новейшей истории стран Европы и Америки. - М., 1968; Историография новой и новейшей истории стран Европы и Америки. Под. Ред. А.В. Адо, И.С. Галкина, И.П. Дементьева, А.Д. Колпакова. – М., 1977; Историография истории нового времени стран Европы и Америки. Под. Ред. И.П. Дементьева. – М., 1990.

## **9-10 тақырып. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы тарих ғылымының дамуы.**

**Мақсаты:** Өркениетті елдердегі ХІХ ғасырдағы тарих ғылымы мен тарихи ойдың даму бағыттарын анықтау

### **Негізгі мәселелер:**

1. Ағылшын тарих ғылымы.
2. Герман тарихнамасы.
3. АҚШ тарихнамасы.
4. Италиян тарихнамасы.

**Әдістемелік тәсілдердің түрлері:** сабақты «дөңгелек стөл» тәсілі бойынша өткізуге болады. «Дөңгелек стөлді» жүргізуші, қатысушылар алдын ала тағайындалып, анықталады. Сонымен қатар «дөңгелек стөл» басында пікір алмасатын мәселелер айқындалды. Олар көрсетілген негізгі мәселелерді жан-жақты қарастыруға, терең талдауға, студенттерді тақырыптың мазмұнын ашуға жұмылдыруға бағытталуы тиіс. Сондықтан да жүргізуші сол сауалдарды нақты қояды, ал қатысушылар оларға жауапты дұрыс, әрі толық беруге міндетті. Оқытушы «дөңгелек стөлдің» соңында қорытынды жасап, ХІХ ғасырдағы тарих ғылымы мен тарихи ойдың даму бағыттарының анықталғандығын бағалайды.

### **Әдістемелік ұсынымдар:**

**Әдебиеттер:** Очерки английской историографии нового и новейшего времени. - Л., 1959; Парригтон В.Л. Основные течения американской мысли. - М., 1963; Вайнштейн О.Л. Очерки развития буржуазной философии и методологии истории в ХІХ - ХХ вв. - Л., 1979; Историография новой и новейшей истории стран Европы и Америки. Под. Ред. А.В. Адо, И.С. Галкина, И.П. Дементьева, А.Д. Колпакова. – М., 1977; Историография истории нового времени стран Европы и Америки. Под. Ред. И.П. Дементьева. – М., 1990.

## **11- тақырып. XX ғасырдың басындағы тарихи философия және өркениетті зерттеулердің әдістемелік негіздерінің дамуы.**

**Мақсаты:** XX ғасырдың бас кезіндегі Батыс Еуропадағы тарихи білімнің дамуы үрдістерін айқындау

### **Негізгі мәселелер:**

1. О. Шпенглердің тарихи философиясы.
2. К. Ясперс, А. Тойнби, М. Вебер теориялары.
3. «Тарихи синтез» және «жаңа «әлеуметтік тарих» әдістемелері.

**Әдістемелік тәсілдердің түрлері:** сабақты өткізуде ұйымдастыру-талдау тәсілі пайдаланылады. О. Шпенглердің, К. Ясперстің, А. Тойнбидің, М. Вебердің теорияларын және «тарихи синтез», «әлеуметтік тарих» әдістемелерін талдау студенттердің диплом жұмыстарын дайындау барысында түрлі теориялар мен тұжырымдамаларды, әдістемелерді пайдаланудың бағыттарын, жолдарын көрсету үшін аса маңызды болып табылады. Әрбір аталған теорияларды талдау арқылы олардың мәнін түсіну студентке болашақта алған білімді кәсіби қызметінде пайдаланудың кепілі болып саналады. Сондықтан да сабақты үйге тапсырма алу кезінде алдынала ұйымдастырып, рөлдік ойындар түрінде студенттерді алты топқа бөліп, әрқайсысының алдына жеке-жеке міндет қою қажет. Топтарға өздеріне тапсырылған теорияның немесе әдістеменің мәнін презентация немесе өзге де ойын түрлерінде өткізу мақсатында талдауға негізделген материалдарды сабақ үстінде көрсетеді.

**Әдістемелік ұсынымдар:** сабақтың басты мақсаты XX ғасырдың бас кезіндегі Батыс еуропадағы тарихи білімнің даму үрдістерін анықтау және зерттеу теорияларының мәні мен мазмұныны ашу болғандықтан көрсетілген мәселелерді қарастыруда талдауға назар аудару қажет. О. Шпенглер, К. Ясперс, А. Тойнби, М. Вебер теорияларын талдауды тарихи еңбектерден мысал келтіру арқылы жүргізу студенттердің олардың мәнін түсінгендіктерін көрсетеді. Мысал келтіру дегеннің өзі тарихнамалық фактіні көрсету, ал оны талдау тарихнамалық фактімен жұмыс жүргізу дегенді білдіреді.

«Тарихи синтез», «жаңа әлеуметтік тарих» әдістемелерін тарихнамалық талдау жасау түрінде қарастырған дұрыс, өйткені оларға баға беруде бұл ұстанымдар көрініс тапқан еңбектерді, қолданыс тәсілдерін, солардың негізінде түйіндеген тұжырымдарына көз жеткізуге болады. Сонымен қатар студенттер осы көрсетілген зерттеу әдістемелерінің отандық тарих ғылымында қолданылуынан мысал келтірсе шет елдер тарихнамасы мен Қазақстан тарихнамасын салыстыра талдауға қол жеткізіледі. Мұның өзі студенттердің компаративті тәсілді зерттеу жұмыстарында пайдалана білуге және жоғары балл алуға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер:** Воронцов Г.А. Новейшие направления в буржуазной историографии ФРГ // Вопросы истории. 1974. № 9. С.60-74; Историография новой и новейшей истории стран Европы и Америки. - М., 1968; Историография нового времени стран Европы и Америки. Под. Ред. И.С. Галкина. - М., 1967; Ясперс К. Смысл и назначение истории. - М., 1991;

Шлезингер А.М. Циклы американской истории. – М., 1992; Виноградов К.Б. Буржуазная историография первой мировой войны. – М., 1962.

## **12-13-тақырып. XX ғасырдағы ұлттық тарихнамалық мектептер және олардың тұжырымдамалары**

**Мақсаты:** XX ғасырдағы ұлттық тарихнамалық мектептердің ғылыми зертханаларының қызметін көрсету және олардың тұжырымдамаларын қарастыру.

### **Негізгі мәселелер:**

1. Францияда тарихнаманың дамуы.
2. Неміс тарихнамалық мектептері.
3. Ағылшын және американ тарихнамасындағы тұжырымдар.
4. Қазақстандық тарихнама.

**Әдістемелік тәсілдердің түрлері:** сабақ проблемалық және «ахуалды шешу» тәсілдерін қолдану арқылы өткізіледі, өйткені Франциядағы тарихнама ғылымының дамуы мәселесін қарастыруда түйіткілді қалыптастырып, оның түйінін тарқату бір жағынан студенттер үшін тартымды, екінші жағынан оларды логикалық ойлауға, проблема бойынша көзқарас танытуға үйретеді. Неміс тарихнамалық мектептерінің өкілдерін олардың еңбектерін қарастыруда, ағылшын, американ тарихнамасындағы тұжырымдардың мәні мен маңызын ашуда «ахуалды шешу» тәмілі тиімді. XX ғасырдың бас кезіндегі Батыс Еуропадағы және АҚШ-тағы тарих және тарихнама ғылымының дамуын, олардағы негізгі бағыттар мен қалыптасқан мектептердің қызметіне баға беруде бұл тәсіл ұтымды. Шет елдер, соның ішінде Батыс Еуропа тарихын зерттеуге қазақстандық тарихшылардың қосқан үлесін айқындауға проблемалық тәсіл септігін тигізеді.

### **Әдістемелік ұсынымдар:**

#### **Әдебиеттер:**

Историография новой и новейшей истории стран Европы и Америки. Под. Ред. А.В. Адо, И.С. Галкина, И.П. Дементьева, А.Д. Колпакова. – М., 1977.

Историография истории нового времени стран Европы и Америки. Под. Ред. И.П. Дементьева. – М., 1990; Виноградов К.Б. Буржуазная историография первой мировой войны. – М., 1962.

## **14-тақырып. Жаңа замандағы Азия және Африка елдерінің тарихнамасы.**

**Мақсаты:** жаңа замандағы Азия және Африка елдерінің тарихнамасына шолу жасау.

### **Негізгі мәселелер:**

**Әдістемелік тәсілдердің түрлері:** сабақты проблемалық-синтездеу тәсілі негізінде өткізу негізгі мәселелердің барлық аспектілеріне шолу жасауға мүмкіндік береді. Синтездеу арқылы жаңа замандағы Азия және Африка



елдерінің тарихнамсындағы басты мәселелер бойынша орын алған ғылыми еңбектерді топтап, олардың мазмұнын ашуға болады.

**Әдістемелік ұсынымдар:**

**Әдебиеттер:** Розалиев Ю.Н. Новая и новейшая история стран зарубежной Азии и Африки. – М., 1987.

**15-тақырып. Қазіргі кезеңдегі Азия және Африка елдерінің тарихнамасы.**

**Мақсаты:** қазіргі замандағы Азия және Африка елдерінің тарихнамасының негізгі аспектілерін қарастыру.

**Негізгі мәселелер:**

**Әдістемелік тәсілдердің түрлері:**

**Әдістемелік ұсынымдар:**

**Әдебиеттер:** Талипов И.А. Общественная мысль в Иране в конце XIX – начале XX в. – М., 1988; Розалиев Ю.Н. Новая и новейшая история стран зарубежной Азии и Африки. – М., 1987.

**СӨЖ бойынша әдістемелік ұсынымдар**

**Тақырып:** Ежелгі Шығыстың тарихнамалық дәстүрінің негізгі белгілері және антикалық тарихнама.

**Мақсаты:**

**Өткізу формасы:** Конспект дайындау, жазбаша сауалдарға жауап беру

**Тапсырма, сұрақтар:** Ежелгі Шығыстың тарихнамалық дәстүрін қалыптастырушы ойшылдар мен ғалымдар; антикалық тарихнаманың өзіндік ерекшеліктері

**Әдістемелік ұсынымдар, қосымша материалдар:** логикалық талдауға үйрету, сөздікпен, жұмыс істеу

**Әдебиеттер:** История древнего мира. - М., 1983.; История древней Греции. - М.,1976.; История древнего Востока. - М., 1973; Сахаров А. Методология истории и историография. – М., 1981.

**Тақырып: Ежелгі Ром тарихнамасы.**

**Мақсаты:** Ежелгі Ром тарихнамсын талдау

**Өткізу формасы:** ауызша сұрақ -жауаптар

**Тапсырма, сұрақтар:** антикалық ойшылдар мен тарихшылардың тарих жазу дәстүрі,;

**Әдістемелік ұсынымдар, қосымша материалдар:** проблемалық сұрақтар қою

**Әдебиеттер:** История древнего мира. -М., 1983.

**Тақырып: Ерте ортағасырлық тарихнамасы.**

**Мақсаты:** Ерте ортағасырлық тарихнаманың өзіндік ерекшеліктерін айқындау

**Өткізу формасы:** бақылау жұмысы

**Тапсырма, сұрақтар:** Ерте ортағасырлардағы тарихнамалық дәстүрдегі ерекшеліктер; Феодалдық шіркеулік тарихнаманың негізгі белгілері;

Феодалдық шіркеулік тарихнаманың дамуының негізгі сатылары

**Әдістемелік ұсынымдар, қосымша материалдар:** тарихнамалық деректермен жұмыс істеудің жолдарын көрсету

**Әдебиеттер:** Историография стран Европы и Америки в средние века. -М., 1973; Вайнштейн О.Л. Историография средних веков в связи с развитием исторической мысли от начала средних веков до наших дней. – М., 1940; Вайнштейн О.Л. Очерки развития буржуазной философии и методологии истории в XIX-XX вв. –Л., 1979.

**Тақырып:** Классикалық ортағасырдың тарихнамасы.

**Мақсаты:** классикалық ортағасырлық тарихнаманың белгілері мен даму үрдістерін анықтау

**Өткізу формасы:** рефераттар тындап, талдау

**Тапсырма, сұрақтар:** Классикалық ортағасырдың тарихнамалық деректер және олардың мазмұны

**Әдістемелік ұсынымдар, қосымша материалдар:** реферат дайындаудың және оның негізгі мазмұнын ашудың тәсілдерін үйрету

**Әдебиеттер:** Средневековая историография стран Западной Европы. - М.,1965; Жумагулов К.Т. Древнегерманское общество: проблемы и концепции. – Алматы: Дәуір, 1993; Жумагулов К.Т. Проблемы возникновения и развития феодализма в Западной Европе. - Алматы: «Қазақ университеті», 1996; Жумагулов К.Т. Проблемы истории германских племен (с древнейших времен до начала средних веков). – Алматы, 2002.

**Тақырып:** Дүниежүзілік тарихты зерттеудегі гуманистік дүниетанымның қалыптасуы.

**Мақсаты:** Тарихнамадағы гуманистік бағыттың қалыптасуының себептерін ашу және гуманизмнің белгілерін көрсету

**Өткізу формасы:** ауызша сұрақ - жауап

**Тапсырма, сұрақтар:** Макиавеллидің, Гвиччардинидің тарихи шығармалары және олардың әлемдік тарихи білімге қосқан үлестері

**Әдістемелік ұсынымдар, қосымша материалдар:** проблемалық сұрақтар қойып, студенттердің жауаптарын жетелеп отыру

**Әдебиеттер:** Средневековая историография стран Западной Европы. - М.,1965.

**Тақырып:** Кейінгі ортағасырлардағы гуманизм және Реформация.

**Мақсаты:** кейінгі ортағасырлардағы гуманизмнің мәні мен мазмұнын ашу және Реформация кезіндегі тарихи ойдың даму бағыттарын анықтау

**Өткізу формасы:** сөздікпен жұмыс істеу, жазбаша сауалдарға жауап беру

**Тапсырма, сұрақтар:** Батысеуропалық тарихнаманың дамуындағы реформация кезеңіндегі еңбектердің маңызы

**Әдістемелік ұсынымдар, қосымша материалдар:** мәселені шағын сұрақтарға бөліп, маңызды тұстарын көрсетуге үйрету

**Әдебиеттер:** Средневековая историография стран Западной Европы. - М.,1965.; Историография стран Европы и Америки в средние века. -М., 1973.

**Тақырып: ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. Англияда тарихи ойдың дамуы.**

**Мақсаты:** ағылшын тарихи білімі мен тарихи ойының өзіндік белгілері мен қалыптасу жолдарын, даму сатыларын, негізгі тарихнамалық тұжырымдарды анықтау

**Өткізу формасы:** тест сауалдарына жауап

**Тапсырма, сұрақтар:**

ХҮІІ ғ. Ағылшын революциясы тұсындағы тарихи ойдың дамуы.

**Әдістемелік ұсынымдар, қосымша материалдар:** негізгі тарихнамалық деректердің тізімін жасауға кеңес беру

**Әдебиеттер:** Историография нового времени стран Европы и Америки. - М.,1967.

**Тақырып: Францияда тарихи идеялардың дамуы.**

**Мақсаты:**

**Өткізу формасы:** рефераттарды талқылау

**Тапсырма, сұрақтар:** ХҮІІІ ғ. Француз ағартушыларының тарихи көзқарастары.; ХҮІІІ ғ. аяғындағы Ұлы француз революциясы тұсындағы тарихи идеялар.

**Әдістемелік ұсынымдар, қосымша материалдар:** реферат тақырыптары бойынша жоспар құрудың тәсілдерін үйрету

**Әдебиеттер:** Историография нового времени стран Европы и Америки. - М.,1968.

**Тақырып: ХҮІІІ ғ. неміс ағартушыларының тарихи ойлары.**

**Мақсаты:** неміс ағартушыларының еңбектерін талдап, тарихи тұжырымдарын түйіндеу

**Өткізу формасы:** пікір талас ұйымдастыру

**Тапсырма, сұрақтар:** ХҮІІІ ғ. Германияда тарихи ғылымның дамуы.

**Әдістемелік ұсынымдар, қосымша материалдар:** пікір таласқа қажетті сұрақтарды анықтап, студерттерді жүйелі сөйлеуге үйрету

**Әдебиеттер:** Историография нового времени стран Европы и Америки. - М.,1968.; Шамшиденова Ф.Шетелдердің жаңа заман тарихының тарихнамасы. - Алматы, 2006.

**Тақырып: ХІХ ғасырдағы тарихи ойдың дамуы. ХІХ ғ. бірінші жартысындағы тарихи білім.**

**Мақсаты:** Еуропа мен Америка елдеріндегі және Ресейдегі ХІХ ғасырдағы тарихи білім мен тарихи ойдың даму үрдістерін айқындау, тарихнамаға үлес қосқан ойшыл, ғалымдардың шығармаларының мазмұнын ашу

**Өткізу формасы:** ауызша сұрақ - жауап

**Тапсырма, сұрақтар:** Орыс тарихи мектебінің қалыптасуы; АҚШ тарихнамасының ерекшеліктері; Батыс Еуропа елдеріндегі тарихнамалық дәстүр

**Әдістемелік ұсынымдар, қосымша материалдар:** қысқаша конспект дайындаудың тиімділігіне үйрету

**Әдебиеттер:** Шамшиденова Ф.Шетелдердің жаңа заман тарихының тарихнамасы. - Алматы, 2006; Ключевский В.О. Лекции по русской историографии.//Соч. в 9-ти томах. Т. УІІ. – М: Мысль, 1989; Милуков П.Н. Главные течения русской исторической мысли. – М., 1987; Розалиев Ю.Н. Новая и новейшая история стран зарубежной Азии и Африки. – М., 1987; Цамуталин А.Н. Борьба направлений в русской историографии в период империализма: исторический очерк. – Л., 1986.

**Тақырып:** XIX ғ. екінші жартысындағы тарихи ғылымның дамуы.

**Мақсаты:** Ресей мен Батыс Еуропада тарих ғылымының дамуы үрдістерін айқындау

**Өткізу формасы:** тест сауалдарына жауап, ауызша сұрақ - жауап және рефераттарды талдау

**Тапсырма, сұрақтар:** Француз тарихнамасындағы либералды-республикалық бағыт.; Ағылшын тарихнамасының негізгі бағыттары.; Поляк тарихнамасы. Краков және Варшава мектептері.; Н.М. Карамзиннің тарихи көзқарастары.

**Әдістемелік ұсынымдар, қосымша материалдар:** библиографиялық тізімдеме жасауға кеңес беру, негізгі тарихнамалық деректер бойынша қысқаша конспект дайындаудың әдістерін көрсету

**Әдебиеттер:** Шамшиденова Ф.Шетелдердің жаңа заман тарихының тарихнамасы. - Алматы, 2006; Цамуталин А.Н. Борьба направлений в русской историографии в период империализма: исторический очерк. – Л., 1986.

**Тақырып:** XX ғ. басындағы Батыс Еуропада тарихи білімнің дамуы.

**Мақсаты:** Батыс Еуропадағы XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи білімнің дамуы бағыттары мен проблемаларын баяндау

**Өткізу формасы:** бақылау жұмысы

**Тапсырма, сұрақтар:** Герман тарихнамасы. Консервативтік тарихнама. (Макс Ленц, Рейнгольд Козер, Отто Хинце). Неміс буржуазиялық әлеуметтануы. Макс Вебер, Эрнест Трельч, В. Зомбарт.

**Әдістемелік ұсынымдар, қосымша материалдар:** конспект дайындаудың қажеттілігін түсіндіру

**Әдебиеттер:** Историография нового времени стран Европы и Америки. - М.,1967.; Шамшиденова Ф.Шетелдердің жаңа заман тарихының тарихнамасы. - Алматы, 2006; Цамуталин А.Н. Борьба направлений в русской историографии в период империализма: исторический очерк. – Л., 1986.

**СӨЖ бойынша әдістемелік ұсынымдар**

**Тақырып: тарихнамалық дәстүрдің қалыптасуы**

**Мақсаты: тарихнамалық дәстүрдің қалыптасуының алғышарттары мен себептерін анықтау**

**Тапсырма, сұрақтар:**

Ежелгі Шығыстың тарихнамалық дәстүрі.

В.Г. Белинскийдің тарихи көзқарастары

А.И. Герценнің тарихи тұжырымдамасы

**Орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар: конспект дайындау, сөздікпен жұмыс істеу**

**Әдебиеттер:** Воронцов Г.А. Новейшие направления в буржуазной историографии. //Вопросы истории. 1974. №9. - С.64-86.; Рамазанов С.П. Кризис в Российской историографии начала XX века. - Волгоград, 2000.

**Тақырып: Ресейдегі тарихи білімнің дамуы**

**Мақсаты: Ресейдегі тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуының негізгі үрдістерін айқындау**

**Тапсырма, сұрақтар:**

Орыс қоғамдық ойындағы ағартушылық ағым

Н.А. Полевой “Россия және Батыс” мәселелері

Н.Г. Чернышевскийдің тарихи көзқарастары

**Орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар: конспект дайындау, сөздікпен жұмыс істеу**

**Әдебиеттер:** Рамазанов С.П. Кризис в Российской историографии начала XX века. -Волгоград, 2000; Цамуталин А.Н. Борьба направлений в русской историографии в период империализма: исторический очерк. – Л., 1986; Ключевский В.О. Лекции по русской историографии.//Соч. в 9-ти томах. Т. VII. – М: Мысль, 1989; Милюков П.Н. Главные течения русской исторической мысли. – М., 1987.

**Тақырып: Отандық тарих ғылымындағы жаңа заман тарихы**

**Мақсаты: Отандық тарих ғылымындағы жаңа заман тарихы мәселелерінің зерттелуін көрсету**

**Тапсырма, сұрақтар:**

Шығыстану бойынша Ш.Уәлихановтың зерттеулері

Тәуелсіз Қазақстан тарихшыларының жаңа заман тарихының мәселелерін зерттеулері

**Орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар: конспект дайындау, сөздікпен жұмыс істеу**

**Әдебиеттер:** Алдабек Н. Тарихы талқыға түскен Шыңжан. - Алматы, 2003; Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы. 1860-1920. - Алматы, 2000.; Өтенияз С. Шоқан өскен орта. - Алматы, 1995.

## **АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ**

### **Тақырыптар бойынша бақылау сұрақтары**

1. Жалпы тарихтың тұжырымдамасы
2. Рене Декарттың негізгі идеясы
3. Шотландия философия тарих мектебі
4. Геттинген мектебінің өкілдері
5. Британияда ұлттық тарихтың қалыптасуы
6. Солтүстік Америка ағартушыларының тарихи көзқарастары
7. Француз ағартушыларының еңбектері
8. Тарихнамадағы тарихилық принципі
9. Тарихнамадағы шынайылық принципі
10. Тарихнамадағы әлеуметтік принцип
11. Вольтер Скотт, Томас Карлейдің шығармалары
12. Анлиядағы консервативтік романтикалық идеялар негізінде жазылған еңбектер
13. Франциядағы консервативтік романтикалық идеялар негізінде жазылан еңбектер
14. Либералды тарихи мектеп және оның өкілдері
15. Ресейде романтикалық тарихнаманың дамуы
16. Англиядағы вигилік және торилік тарихнама
17. Леопольд Ранкенің тарихи тұжырымдамасы
18. Огюст Конт және оның позитивистік көзқарастары
19. Орыс тарихи мектебінің қалыптасуы
20. Кіші германдық және Ұлы германдық тарихи мектептер
21. АҚШ тағы Азамат соғысының тарихнамасы
22. Марксизм теориясы және оның тарихнамада алатын орны
23. Өркениет теориясы
24. Орыс географиялық қоғамының шығстану ғылымын дамытудағы рөлі
25. Ш.Ш. Уәлиханов және оның тарихи мұрасы
26. Н.А. Добролюбовтың Үндістан туралы еңбектері
27. Г.Н. Потаниннің тарихнамаға қосқан үлесі
28. Д.М. Позднев шығыс елдері туралы
29. Отандық тарих ғылымындағы қытайтанушылар
30. Араб елдері тарихының зерттелуі

### **РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ**

1. Ежелгі Грекия және Рим тарихнамасының ерекшеліктері

2. Ерте ортағасырлардағы тарихи ойдың дамуы
3. Феодалдық шіркеу тарихнамасының белгілері мен даму сатылары
4. Классикалық тарихнаманың өкілдері
5. Тарихнамадағы гуманистік бағыт және оның өкілдерінің еңбектері
6. Реформация тұсындағы тарихи білім
7. Ағартушылық кезеңінің тарихнамалық дәстүрі
8. ХУІІ ғасырдағы ағылшын төңкерісі тұсындағы әлеуметтік - саяси ойдың дамуы
9. АҚШ-та тарих ғылымының қалыптасуы
10. Жаңа замандағы неміс тарихи мектептері
11. Романтикалық тарихнаманың мәні мен мазмұны
12. АҚШ тарихнамасындағы позитивизм
13. Н.М.Карамзиннің тарихи көзқарастары
14. Г.Потаниннің шығыстағуға қосқан үлесі
15. Италиядағы Қайта өрлеу кезеіндегі тарихнама
16. Ұлы француз төңкерісінің тарихи шығармалардан көрініс табуы
17. ХІХ ғасырдағы Батыс Еуропадағы тарихи білімнің дамуы бағыттары
18. ХХ ғасырдың бас кезіндегі Батыс Еуропалық тарихи мектептер
19. ХІХ ғасырда орыс тарихи ойының дамуы
20. Қазіргі кезеңде қазақстандық тарихшылардың шетел тарихын зерттеуі

## **ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ**

1. Тарихнамалық дерек. – жеңіл
2. Тарихнамалық факті.- жеңіл
3. Тарихнама ғылымының принциптері және әдістері.- жеңіл
4. Шіркеулік тарихнаманың өкілдері және олардың тұжырымдары. - жеңіл
5. Тарихнамадағы ағартушылық бағыт және оның ерекшеліктері. - жеңіл
6. Шотландиялық философиялық тарих мектебі. – жеңіл
7. Утопиялық социализмнің тарихи идеялары. - жеңіл
8. Тарихнамадағы позитивизм. - жеңіл
9. Ежелгі Шығыстағы тарихты жазудың алғашқы қадамдары. – орташа
10. Антикалық тарихнаманың өзіндік ерекшеліктері мен өкілдері. - орташа
11. ХІХ ғасырдағы батыс еуропалық тарихнаманың жалпы сипаттамасы. - орташа
12. ХУІІ - ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи повестер. - орташа
13. Тарихнамадағы романтикалық бағыт. - орташа
14. Чартист – тарихшылар. - орташа
15. Солтүстік Америка ағартушыларының тарихи көзқарастары. - орташа
16. Араб елдерінің зерттелуі. - орташа
17. Жаңа замандағы неміс тарихи мектебі және оның тарихты зерттеуге қосқан үлесіне баға беріңіз. – күрделі
18. Шетелдер тарихы тарихнамасының ерекшеліктерін синтездеп, тарихнамалық деректерін топтаңыз. - күрделі

19. Шіркеулік тарихнаманың қалыптасуы мен ерекшеліктері. Оны Ежелгі Шығыс және антикалық тарихнамамен салыстырыңыз. - күрделі
20. Ортағасырлық риторикалық мектептің тарихи білімді дамытуға қосқан үлесіне - күрделі
21. Ағарту дәуіріндегі «философиялық тарих», тарихты жазу тәжірибесін схоластикамен, анналдар мектебімен, тарихты сипаттаумен салыстыра көрсетіңіз. - күрделі
22. Орыс тарихи мектебінің өкілдері және олардың тарихи көзқарастарына баға беріңіз. - күрделі
23. Л.Валлдың тарихи көзқарастарын анықтап, еңбектеріне баға беріңіз .- күрделі
- 24.Қазақстандағы тарих ғылымындағы жаңа заман тарихы туралы зерттеулердің мәселелерін айқындап, маңызына баға беріңіз. - күрделі
25. Ағарту дәуірінің тарихшысы - Э. Гиббон. – жеңіл
26. Неміс ғалымдарының тарихты дамытуға қосқан үлесі ( Шиллер, Гердер, Мезер).
27. Т. Мальтус, Д. Рикардо және ағылшын тарихи білімі.
28. Тарихнамадағы социал -демократиялық бағыт.
29. XIX - ғасырдағы Ресей тарихнамасы ( Н.Я.Данилевский).
30. Э.Мейер, М. Вебер және олардың тарихи тұжырымдары.
31. Ш. Уәлиханов және оның тарихнамаға қосқан үлесі.
32. АҚШ-тағы жұмысшы қозғалысы тарихының зерттелуі.
33. Р.Декарттың, Т. Гоббстың тарихи тұжырымдарын салыстыра талдаңыз. – орташа
34. Ағылшын ағартушылары: Болингброк, Д.Юм.
35. XIX- ғасырдың бірінші жартысындағы француз тарихнамасы.
36. Неміс ағартушыларының тарихи ойлары: Лессинг, И.Кант.
37. Б.Франклин, Т. Джефферсон және американдық ағарту мектебі.
38. XIX- ғасырдың бірінші жартысындағы ағылшын тарихнамасы.
39. ХУІІ - ХУІІІ ғасырдағы Ресейдегі ағарту тарихнамасы ( В.Н. Татищев, М. Щербатов, М.В. Ломоносов).- орташа
40. Азамат соғысы және қайта құру кезеіндегі АҚШ тарихнамасы. - орташа
41. Н.Макиавеллидің және Гвиччардинидің тарихи ұстанымдарын салыстырмалы кесте арқылы көрсетіңіз. – күрделі
42. Ш.Л.Монтоскье, Ф.Вольтер, Ж. Руссоның тарихи ұстанымдарын - күрделі  
тарихнамадағы ағартушылық бағытпен параллель көрсетіңіз.– күрделі
43. ХУІІІ- ғасырдағы тарихи ойдың дамуы. Мабли, Кондорсэнің тарихи білімді жетілдіруге қосқан үлесін сараптаңыз. – күрделі
44. Қайта өрлеу кезеіндегі тарихи ойдың дамуы үрдістерін талдаңыз. – күрделі
45. Тарихтағы рационализмнің мәні мен мазмұнын ашыңыз. - күрделі
- 46.Ежелгі Шығыс тарихнамасының белгілері мен кезеңдерін жүйелеп көрсетіңіз.– күрделі



- 47 . Жан Д.Аламбердің тарихи көзқарасын айқындап, оған баға беріңіз.– күрделі
48. А. Августиннің және Ф. Аквинскийдің тарихи көзқарастарын синтездеңіз.– күрделі
49. Ревизионизм және Э. Бернштейн.- жеңіл
50. Д. Форд Родс, Д. Скулер және олардың тарихи көзқарастары.- жеңіл
51. Немістің классикалық философиясындағы тарихи тұжырымдамалар.- жеңіл
52. Ағылшын тарихшылары Ф. Палгрев, В. Скотт және т.б. -
53. XIX-ғасырдың II-жартысындағы неміс тарихнамасы. Г.Ф.Зибель, Г.Ф.Трейчке. - жеңіл
54. Саяхатшылардың жазбалары. Г.Е. Грум Гржимайло, Д.М. Позднев және т.б. саяхатшылардың еңбектері.
55. Жалпы тарихтың тұжырымдамасы.
56. Отандық тарих ғылымындағы қытайтанушылар.
57. Ресей тарихнамасы және «орыс тарихи мектебі».
58. Т. Пейн, А. Гамильтон және олардың тарихи ұстанымдары.
59. Қайта құру кезеңіндегі тарихшылардың либералдық мектебі.
60. Француз революциясы тарихнамасындағы якобиндік дәстүр.
61. Герман тарихнамасы; элеуметтік- саяси жағдайлар және ғылымның ұйымдастырылуы.
62. Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихының тарихнамасы.
63. Ф.Ницше және оның тарихи көзқарастары.- орташа
64. XIX- ғасырдың екінші жартысындағы тарихнамалық мектептердің қалыптасуы.
65. Ш.В.Ланглуа, А.С. Данилевский және тарих методологиясының жетілдірілуі.
66. Макс Леман, Густав Шмоллер, Луйо Brentано және тарихи білімнің дамуы.
67. XIX - ғасырдың екінші жартысындағы француз тарихнамасы.
68. Орыс географиялық қоғамының шығыстану ғылымын дамытудағы рөліне баға беріңіз.
69. Кіші германдық және Ұлы германдық тарихи мектептер.
70. XX ғасырдың бас кезіндегі Батыс Еуропалық тарихи мектептер.
71. Шотландия философия тарих мектебінің тарихнамаға қосқан үлесі..
72. Ежелгі Грекия және Рим тарихнамасын салыстрмалы талдаңыз.

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

### **Негізгі әдебиеттер**

4. Виноградов К.Б. Очерки английской историографии нового и новейшего времени. Л., 1959.
5. Историография нового времени стран Европы и Америки. М., 1967.
6. Историографии новой и новейшей истории стран Европы и Америки. М., 1968.

### **Қосымша әдебиеттер**

1. Барг М.А. Вопросы метода в современной буржуазной историографии // Вопросы истории. 1972. № 9.
2. Болховитинов Н.Н., Согрин В.В. Об основных тенденциях в развитии историографии США / Современная зарубежная немарксистская историография... С. 78-101.
3. Вайнштейн О.Л. Очерки развития буржуазной философии и методологии истории в XIX-XX вв.-Л., 1979.
4. Виноградов К.Б. Буржуазная историография первой мировой войны. М., 1962.
5. Вжозек В. Историография как игра метафор: судьбы “новой исторической науки” // Одиссей, 2001. С. 60-74.
6. Воронцев Г.А. Новейшие направления в буржуазной историографии ФРГ // ВИ. 1974. №9. С. 64-86.
7. Грабски А.Ф. Фернан Бродель: вопросы методологии истории // ННИ. 1990. №5.
8. Рамазанов С.П. Кризис в Российской историографии начала XX века. Волгоград, 1999-2000.
9. Паррингтон В.Л. Основные течения американской мысли.-М., 1963. т. 1-3.
10. Смоленский Н.И. О некоторых теоретико-методологических принципах исторической концепции Л. Фон Ранке // Методологические и историографические вопросы исторической науки. Труды Томского университета. Т. 166. Томск, 1963. С. 106-136.

### **АРНАУЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР**

#### **Негізгі:**

4. Виноградов К.Б. Очерки английской историографии нового и новейшего времени. Л., 1959.
5. Историография нового времени стран Европы и Америки. М., 1967.
6. Историографии новой и новейшей истории стран Европы и Америки. М., 1968.

#### **Қосымша:**

7. Барг М.А. Вопросы метода в современной буржуазной историографии // Вопросы истории. 1972. № 9.
8. Болховитинов Н.Н., Согрин В.В. Об основных тенденциях в развитии историографии США / Современная зарубежная немарксистская историография... С. 78-101.
9. Вайнштейн О.Л. Очерки развития буржуазной философии и методологии истории в XIX-XX вв.-Л., 1979.
10. Виноградов К.Б. Буржуазная историография первой мировой войны. М., 1962.
11. Вжозек В. Историография как игра метафор: судьбы “новой исторической науки” // Одиссей, 2001. С. 60-74.

- 12.Воронцев Г.А. Новейшие направления в буржуазной историографии ФРГ // ВИ. 1974. №9. С. 64-86.
- 13.Грабски А.Ф. Фернан Бродель: вопросы методологии истории // ННИ. 1990. №5.
- 14.Рамазанов С.П. Кризис в Российской историографии начала XX века. Волгоград, 1999-2000.
- 15.Паррингтон В.Л. Основные течения американской мысли.-М., 1963. т. 1-3.
- 16.Смоленский Н.И. О некоторых теоретико-методологических принципах исторической концепции Л. Фон Ранке // Методологические и историографические вопросы исторической науки. Труды Томского университета. Т. 166. Томс, 1963. С. 106-136.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Бәсекелестікке қабілетті мамандар дайындауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Болон процесіне енді. Айтулы ұйымға енуден бұрын республиканың білім беру саласында бірқатар алғышарттар жасалды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес және білімді дамытудың 2005-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламсы бойынша жоғары білімнің үш сатылы жүйесі қарастырылған.[4] Жоғары білім беруді бакалавриат, магистратура және PhD докторантура арқылы

жүзеге асыру жоспарланған. Қазіргі кезде осындай көпсатылы білім беру еліміздің ұлттық сипаттағы жоғары оқу орындарында жүргізіліуде. Жоғары оқу орындарындағы кредиттік технология бастапқы сатыда эксперимент түрінде енгізілсе, 2008-2009 оқу жылынан бастап академиялық кредит жүйесіне барлық университеттер мен институттар көшірілді.

ҚР Еңбек және әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігі республиканың Білім және ғылым министрлігімен бірге бакалавр біліктілігі жеткілікті болатын қызметтер шеңберін анықтайтын номенклатуралық тізбе белгілеу жұмыстарын жүргізді. Білім берудегі үш сатылы жүйе аталмыш саладағы тәжірибенің аздығына қарамастан ендірілді. «Көш жүре түзеледі» демекші алғашында көптеген қиындықтар мен түсінбеушіліктер бастан кешірілгенімен оқу орындары бәсекеге қабілетті білікті мамандар дайындау ісінде үш сатылы білім берудің оңтайлы, әрі тиімді тұстарын меңгеруді қолға алды. «Әркімді заман сүйремей, заманды қай жан билемей» - деп ұлы Абай айтқандай заманауи талаптары жоғары оқу орындарын кредитті технологияның қыр-сырын ұғынып, шаш етекпен келер түйіткілдерді шешуге итермеледі. Дәстүрлі сипатта сабақ берудің салдары уақыт өткен сайын жоғары білікті маман даярлауға кері әсерін тигізетінін күнделікті тәжірибе көрсетіп берді. Жоғары оқу орындарында ғана емес бүкіл білім беру жүйесінде заман талаптарына сәйкес жаңалықтар енгізу көкейкесті бола түсуде, Германия «2000 жылға дейінгі білім», АҚШ «XXI ғасырдағы американдықтар білімі», Франция «XXI ғасырдағы білім моделіне ізденіс» тәрізді реформаларға қол созған уақытта Қазақстан дүниежүзілік интеграциялардан тыс қалмау үшін білім саласына назар аударып, бірқатар реформалар жүргізді. Сол реформалардың аясында білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері туралы жиі айтылды.

Оқытудағы интерактивті әдіс-тәсілдерді пайдалану бакалавриатта сапалы білім алуға септеседі. Айта кетерлік жайт, иновациялық әдіс-тәсілдер студенттердің барлығын дерлік сабаққа жұмылдырып, белсенді қатысуын, берілген тапсырмаларды толық орындап келуін талап етеді. Мұның өзі студентке апта сайын қомақты көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Магистратурада оқылатын пәндер тарихнама бойынша элективті курстарды таңдауға толық мүмкіндік береді. Оқытудың кредитті жүйесі ауқымында элективті курстардың алатын орны мен атқаратын рөлі ұшан-теңіз. Сонымен қатар бакалавриатта алған білімді тереңдету мақсатындағы курстардың оқытылуына назар аударған абзал. Магистратурадағы элективті курстар магистранттардың өзбетінше ізденуіне мол мүмкіндік тудыруы тиіс. Сондықтан да МӨЖ-ге жіті көңіл бөлінуі қажет. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін құрастыруда өздік жұмыстардың тапсырмаларына, оларды орындаудың әдістемелік ұсынымдарына назар аударылып, ПОӘК-де көрініп тұрғаны жөн.

Магистратурадағы «Тарихнамалық зерттеулердің үлгілері», «Тарихнамалық мектептер: тарихи ойдың қалыптасуы мен дамуы» элективті курстарын оқытуда да жаңа әдістер кеңінен қолданылады. Мәселен, ахуалдық әдісті пайдаланудың маңызы зор. Себебі бұл курстардың мақсат-

міндеттері – тарихи мектептердің қалыптасуы мен дамуы тарихын қарастыру. Әрбір тарихи мектептің жетекшісін, шәкірттерін, өзіндік ерекшеліктері мен тарихи білімді, тарихи ойды дамытуға, тарих ғылымына қосқан үлесін көрсету. Мектептердің ғылыми зерттеулер жүргізудегі өзіндік методологиясы мен әдіс-тәсілдерін талдау. Магистранттарды әртүрлі мектептердің ғылымдағы орнын анықтауға үйрету. Сондымен қатар тарихнама ғылымының методологиясын оқып-үйрену, ғылымның принциптері мен әдістерін меңгеру, тарихнамалық зерттеулерді жүргізудегі тарихи мектептердің орны мен рөлін көрсету. Тарихи мектептер арқылы тарихи ойдың, ғылымдағы түрлі тұжырымдамалар мен теориялардың қалыптасуы мен дамуын, олардың зерттеулер жүргізудегі методологиялық негіз бола алатындығын айқындау, осы тәсілді меңгеру. Осындай нысанаға қол жеткізу үшін тарихнамалық элективті курстарда оқытудың жаңа технологияларына ғана емес магистранттың сапалы білім алу, өзбетінше ғылыми зерттеу жүргізе алу қабілетін қалыптастыру, логикалық ой-өрісінің тереңдету жолдары қарастырылған.

Магистратурадағы элективті курстарды оқып-үйретуде және ғылыми ізденістерге баулуда жоғарыда аталған әртүрлі әдістерді пайдаланып, сабақтарды тартымды, әрі мәнді етіп өткізуге болады. Соның нәтижесінде оқып-үйренудің дербестігіне, өз бетінше ғылыми зерттеулер дайындауға қол жеткізіледі. Сонымен қатар тарихнама пәнін және арнайы курстарды заман талаптарына сәйкес жеке дара емес өзге де пәндердің көмегімен, пәнаралық байланыста оқытуға да толық мүмкіндіктер бар. Себебі пәнаралық тұрғыда жинақталған тарихнамалық фактілердің құрылымы және мазмұны, оларды талдау мен баға берудің критерийлері туралы мәліметтер фактілерге терең еніп қана қоймай, қосымша тәсілдер, соның ішінде жүйелеп талдау әдісі бойынша білімнің жинақталу тенденцияларын, олардың одан ары дамуын және жаңа ғылыми зерттеулерді болжауды айқындауға жағдай жасайды. Мұндай жетістікке қол жеткізу пәнаралықтың эмпирикалық тәсілдерін теориялық қағидалармен біріктіре алатын қабілетінің негізінде мүмкін болады. Тарихнамадағы пәнаралықты оқытудың жаңа технологияларының бірі ретінде де дәрістер мен семинар сабақтарында үнемі қолданған тиімді.

Пәнаралықтан өзге оқытудың интерактивті тәсілдерін пайдалану қалыптасқан әдістермен қатар оқытушының әралуан түрлерді ұсынуына мүмкіндік мол. Әдіс-тәсілдер қатары оқытушының терең білім мен біліктілігіне байланысты көбейеді.

Қорыта келе, шетелдер тарихының тарихнамасы базалық курстары және солардың траекториялары бойынша таңдап алынған элективті курстарды оқытуда кредиттік жүйенің ауқымында жаңа технологияларды пайдалану, сонымен қатар түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды жаһанданудың кері әсері емес, Болон үдерісінің талаптарына сәйкес жаңашыл құбылыстар болып саналады.